



Лаура Жантілеуова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

сабақтары

оқу құралы

Қарапайым деңгей



Астана, 2015

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
Ж 27

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында шығарылды.

Пікір жазғандар:

А.Ш. Пангереев – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д.

Ғ. Мамырбекова – филология ғылымдарының кандидаты

Жантілеуова Л.

Ж 27 «Қазақ тілі сабақтары» А-1 қарапайым деңгейге арналған оқу құралы/
Жантілеуова Л.С., – Астана, «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың рес-
публикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК, – 2015 – 96 б.

ISBN 978-601-7504-13-7

Қазақ тілі сабақтары оқу құралында қарапайым деңгейге (А-1) сәйкес 14 тақырып пен коммуникативтік бағыттағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілді.

Оқу құралының негізгі мақсаты – тұрмыстық, әлеуметтік, ресми-іскери мазмұндағы лексиканы тіл қолданушыға меңгерту және ой-пікірін қарапайым деңгейде жеткізуге дағдыландыратын грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру.

Оқу құралы қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз

© Жантілеуова Л., 2015
© «Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК, 2015

ISBN 978-601-7504-13-7

МАЗМҰНЫ

| Тақырып | Беті | Грамматикалық минимум | Беті |
|---|------|--|------|
| Сәлемдесу. Танысқанымға қуаныштымын. | 7 | Әріптерге шолу жасау. Атау септік. Жіктеу, сілтеу есімдіктері. | 75 |
| Отбасым – алтын тірегім. | 12 | Ілік септігі. Тәуелдік жалғау туралы түсінік. | 77 |
| Мекенжай. | 16 | Жатыс септігі. Сан есім. Реттік сан есім. Сұраулық шылаулар. | 78 |
| Қай мекемеде жұмыс істейсіз? Түйіндеме | 21 | Жіктік жалғау туралы түсінік. | 81 |
| Ас – адамның арқауы. | 26 | Ауыспалы осы шақ. | 82 |
| Денсаулық – зор байлық. | 30 | Табыс септік. Жедел өткен шақ. | 83 |
| Әдепті адам – әдемі. | 34 | Сын есім. | 84 |
| Киім – адам көркі. | 38 | Көптік жалғау. | 85 |
| Уақытпен танысу. Жыл он екі ай. Ауа райы. | 42 | Үстеу. Мезгіл үстеуі. | 85 |
| Мерекелер. Құттықтау хат. | 46 | Көмектес септігі. | 86 |
| Бос уақыт. | 50 | Барыс септігі. Синонимдер. | 87 |
| Білім жолы. | 55 | Қалау рай. | 87 |
| Менің Қазақстаным. | 59 | Мекен үстеуі. | 88 |
| Ресми құжаттар стилі. | 63 | Өтініш. | 88 |
| Аралық бақылау. Тест тапсырмалары. | 66 | Сөйлем. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. | 89 |
| | | Сөздік қор. | 90 |
| | | Қолданылған әдебиеттер. | 95 |



**Сәлемдесу. Танысқанымға
қуаныштымын**



Отбасым – алтын тірегім




Мекенжай



**Қай мекемеде жұмыс
істейсіз? Түйіндеме**



Ас – адамның арқауы



Денсаулық – зор байлық




Әдепті адам – әдемі



Киім – адам көркі



**Уақытпен танысу.
Жыл он екі ай. Ауа райы. Мерекелер. Құттықтау хат**



Бос уақыт



Білім жолы



**Менің
Қазақстаным**



Ресми құжаттар стилі



КІРІСПЕ

Оқу құралы қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде әзірленіп, қазақ тілін оқып-үйренушілердің қарапайым деңгейіне арналды. Оқу құралының негізгі мақсаты – қазақ тілінің бастапқы дағдыларын игерту. Ұсынылып отырған оқу құралы қарапайым деңгейге арналған күнделікті коммуникативті қарым-қатынаста қолданылатын отбасылық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, ресми-іскери мазмұндағы 14 тақырыпты қамтиды. Әр лексикалық тақырып бойынша жаңа лексикалық қормен танысып, жеңілден күрделіге ұласатын ой қозғау, пікірін білдіру, өз ойын айту тапсырмаларын орындауға арналды.

Грамматика бөлігі қазақ тілі грамматикасының негіздерін тез түсініп, тілдік кедергілерді жеңе білуге және қазақ тілін тез оқып-үйренуге мүмкіндік береді. Оқылым бөлігінде ұсынылған материалдар тіл қолданушылардың өз пікірін білдіруіне, қандай да бір қорытынды жасауына мүмкіндік беретіндей күнделікті өмірмен тығыз байланысты болуына қарай таңдалып алынды. Сабақ барысында меңгерген жаңа сөздерді, грамматикалық материалдарды тіл қолданушылардың қаншалықты меңгергендігі Сөйлесім мен Жазылым бөлігінде бекітіледі. Оқулық соңында барлық өтілген лексикалық және грамматикалық материалдарды игергендігін анықтау мақсатында тест тапсырмалары берілді.

Құрметті тіл қолданушылар! Сіздерге сәттілік тілейміз!

Автор



**СӘЛЕМДЕСУ
ТАНЫСҚАНЫМА
ҚУАНЫШТЫМЫН**




СӘЛЕМДЕСУ ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН



ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз.

90-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.
Познакомьтесь с новыми словами на странице 90.



Сәкен: Сәлем, Мереке!
Мереке: Сәлем! Танысып қой, бұл – Аружан!
Сәкен: Менің атым – Сәкен.
Аружан: Сәлем, Сәкен! Менің атым – Аружан.
Мереке: Сау бол, Сәкен!
Сәкен: Сау бол!



Қайрат: Сәлеметсіз бе, Нұрлан!
Нұрлан: Сәлеметсіз бе, Қайрат!
Айжан: Сәлеметсіз бе!
Нұрлан: Танысып қойыңыз.
Қайрат: Менің атым – Қайрат.
Айжан: Менің атым – Айжан.
Нұрлан: Сау болыңыз!
Қайрат: Сау болыңыз, Айжан!
Айжан: Сау болыңыз, Қайрат!

2. Бірінші және екінші сұхбат бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|----------------------------|-------|------------|
| 1. Аружан: Сәлеметсің бе? | | |
| 2. Сәкен: Сенің атың кім? | | |
| 3. Нұрлан: Сәлем! | | |
| 4. Қайрат: Танысыңыз. | | |
| 5. Айжан: Танысып қойыңыз. | | |
| 6. Нұрлан: Сау болыңыз! | | |





Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Қазақ тілінің әліпбиі 75-бет
Алфавит казахского языка стр.75

2. Қажетті әріптерді қойып, көшіріп жазыңыз.

1. Ә, Б, Г, Ғ- ...ала, ...алым, тең...е, ...ке
2. Ұ, Д, Ж, З, Ү- ы...ыс, ...үрек, ...стел, кө...ілдірік, ...л,
3. К, Қ, Л, І- ...асық, а...қа, ...үн, ...н...
4. М, Н, Ң, Һ те...ір, гау...ар, за..., а...а
5. П, Р, С, Ө ме...еке, әде..., е...ік, ...мір.

3. Ережемен танысыңыз.

Атау септігі 76-бет
Именительный падеж стр.76

1. Сөздерге кім? не? сұрақтарын қойып, екі бағанға бөліңіз.

Ит, бала, мысық, әке, Қанат, Айнұр, жолбарыс, Бибігүл, ғарышкер, орындық, аю, Мерей, қала, ойыншық, сурет, алма.

2. Ережемен танысыңыз.

Жіктеу есімдіктері 77-бет
Личные местоимения стр.77

3. Жіктеу есімдіктерін қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

1. _____ таныстық.
2. _____ демалысқа шықты.
3. _____ алғыс айттың.
4. _____ концертке барасыздар ма?

4. Ережемен танысыңыз.





Сілтеу есімдіктері 77-бет
Указательные местоимения стр.77

8. Айтыңыз. Мына кісі кім?



Мына кісі кім?
Бұл кісі – Абай
Құнанбайұлы.



Мына кісі кім?



Бұл кісі кім?



Бұл кім?

Сөйлесім

1. Амандасу, танысу, қоштасу үлгілерін пайдаланып, диалог құраңыз.





2. «Танысу» ойыны. Шеңбер жасап, бір-біріңізбен танысыңыз. Бірінші ойыншы өзінің атын айтып, екінші ойыншыға сұрақ қояды. Екінші ойыншы алдыңғысының атын атап, содан кейін өзінің атын айтып және үшінші ойыншыға сұрақ қояды. Үшінші ойыншы алдыңғы ойыншылардың атын атай отырып, сұрақты жалғастырады.

Мысалы:

1-ші ойыншы: Менің атым – Диана. Сенің атың кім?

2-ші ойыншы: Сенің есімің – Диана, ал менің есімім – Қымбат. Ал сіздің ше?

3-ші ойыншы: Сенің атың – Диана, сенің атың – Қымбат, менің атым – Гүлшат. Ал сіздің ше?

Жазылым

1. Сұхбатты толықтырыңыз.

– Қайырлы кеш!

- _____

- Танысайық, менің атым _____

- Сенің _____ кім?

- Менің _____ Жазира.

- Танысқаным _____.

2. Досыңмен, ата-анаңмен, әріптесіңмен, құрдасыңмен, бастығыңмен, қарт адаммен амандас. Амандасу сөз орамдарын жазыңыз.





**ОТБАСЫМ –
АЛТЫН ТІРЕГІМ**





ОТБАСЫМ – АЛТЫН ТІРЕГІМ

90–беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Оқыңыз.

Бұл – менің отбасым. Мына кісі – менің әкем. Оның аты – Талап. Әкем – инженер. Анамның аты – Айсұлу. Ол – мұғалім. Ал мынау менің інім Берік. Ол жеті жаста. Раушан – менің қарындасым. Ол университетте оқиды.

Атам мен әжем – зейнеткерлер. Атам мен әжемнің төрт немересі бар. Мен де олардың немересімін. Атым – Қуандық. Біздің отбасымыз тату- тәтті тұрады. Мен атам мен әжемді, әкем мен анамды және туыстарымды жақсы көремін.

2. Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. – менің отбасым.
2.- менің әкем.
3.- инженер.
4. Раушан-қарындасым.
5.- Қуандық.
6. мен-зейнеткерлер.

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бұл кімнің отбасы?
2. Оның отбасында қанша адам бар?
3. Қуандықтың әкесі мен анасының аты кім?
4. Қуандықтың інісі неше жаста?
5. Қарындасының аты кім?
6. Атасы мен әжесі кімдер?





Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Ілік септік 77-бет
Родительный падеж стр.77
Тәуелдік жалғау 78-бет
Притяжательные окончания стр.78

2. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының астын сызыңыздар.

Әкемнің аты – Талап.
 Анамның аты – Айсұлу.
 Інімнің аты – Берік.
 Қарындасымның аты – Раушан.

3. Дұрыс жалғанған қосымшаны белгілеңіз.

Мен атым - Гүлназ.
 Менің атым - Гүлназ.
 Сенің атың - Сәлима.

Сен атың- Қанат.
 Сіздің ініңіз есімі- Мұрат.
 Сіздің ініңіздің есімі- Мереке.

4. Берілген сөздерді III жақта тәуелденіз.

Оның



| | |
|-------------|--------|
| немере... | апа... |
| ұл... | қыз... |
| қарындас... | іні... |

Сөйлесім

1. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер.

Абзал: – Қуаныш, танысып қой. Бұл-менің отбасымның суреті.
 Қуаныш: Абзал, мынау кім?
 Абзал: Бұл- менің ағам Ғалымжан.
 Қуаныш: Ол Кембридж университетінде оқи ма?
 Абзал: Иә, ол Кембридж университетінде оқиды.



2. Суреттерді сұхбат мазмұнымен сәйкестендіріңіз.



Жазылым

1. Жауаптарды пайдаланып, сұрақтар жазыңыздар.

- _____ ?
- Бұл- менің әкем.
- _____ ?
- Ал мына кісі- менің анам. Оның аты- Айсұлу.
- _____ ?
- Берік жеті жаста.


2. Суретті сипаттаңыз.

Үлгі: Мынау-менің әкем. Оның аты- Ербол.
Ол 36 жаста. Мынау- менің анам. Оның аты- Анар. Ол 30 жаста. Мынау- менің сiңлiм.
Оның аты- Мәншүк. Ол 2 жаста.



3. Отбасыңыз туралы жазыңыз.





МЕКЕНЖАЙ





МЕКЕНЖАЙ

91-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Сұхбатты оқыңыз.



- Сәлеметсіз бе, Маржан!
- Сәлеметсіз бе, сіз Айнұрсыз ба?
- Иә, мен Айнұрмын.
- Маржан, сіз осында тұрасыз ба?
- Иә, мен Ақтөбеде тұрамын. Сіз ше?
- Мен де Ақтөбеде тұрамын.
- Қай көшеде?
- Абай көшесінде.
- Нешінші үйде?
- Жиырма үшінші үйде.
- Нешінші пәтерде?
- Алпыс тоғызыншы пәтерде.
- Міне, қызық! Мен де сол үйде тұрамын. Жиырма сегізінші пәтерде.
- Айнұр, ұялы телефон нөміріңіз қандай?
- 8 702 351 66 08
- Менің ұялы телефон нөмірім- 8 701 499 42 75

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Айнұр қай қалада тұрады?
2. Маржан қай қалада тұрады?
3. Олар қай көшеде тұрады?
4. Нешінші үйде?
5. Айнұр нешінші пәтерде тұрады?
6. Маржан ше?
7. Айнұрдың нөмірі қандай?

3. Сөйлем құраңыз.

1. осында/ Маржан/ тұрасыз/ сіз/ ба?- Маржан, сіз осында тұрасыз ба?
2. алпыс/тұрамын/ тоғызыншы/Мен/ пәтерде- _____.
3. үйде /Жиырма /тұрамын/ үшінші.- _____.
4. сол /Мен /үйде/ де/ тұрамын.- _____.
5. ұялы /Айнұр/ нөміріңіз / телефон/ қандай?- _____.
6. телефон / ұялы/нөмірім/ Менің- _____.



Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Жатыс септігі 78-бет
Местный падеж стр.78

2. Сұрақ – жауап құрастырыңыз.

Сен

қайда болдың?
қайда тұрдың?
жұмысқа қашан бардың?
қайда оқыдың?

жұмыс
Ақтөбе
сағат сегіз
университет

1. – Сен қайда болдың?
– Мен жұмыста болдым.

3. Ережемен танысыңыз.

Сан есім 79-бет
Имя числительное стр.79
Реттік сан есім 79-80-бет
Порядковое числительное стр.79-80

4. Есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасаңыз.

1. Он- оныншы.
2. Екі- _____.
3. Жүз- _____.
4. Елу үш- _____.
5. Он жеті- _____.
6. Қырық- _____.
7. Алпыс бес- _____.
8. Отыз алты- _____.
9. Жиырма үш- _____.
10. Сексен сегіз- _____.
11. Бір жүз он алты- _____.





5. Сандарды сөзбен жазыңыз.

| | Нешінші? | | Неше? |
|--------------|-----------------------|--------------|-------------------|
| 49-пәтер | қырық тоғызыншы пәтер | 49 пәтер | қырық тоғыз пәтер |
| 102-автобус | | 102 автобус | |
| 8-бала | | 8 бала | |
| 10-сынып | | 10 сынып | |
| 6-ықшамаудан | | 6 ықшамаудан | |
| 25-қабат | | 25 қабат | |

6. Ережемен танысыңыз.

Сұраулық шылаулар 80-бет
Вопросительные частицы стр.80

7. Сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

| | |
|---|-----------------------|
| Сенің атың – Қайрат. | Сенің атың Қайрат па? |
| Бұл кісі – сенің әжең. | |
| Сіздің пәтеріңіз 4-қабатта. | |
| Сіз «Самал» ықшамауданында тұрасыз. | |
| Оның мекенжайы: Талдықорған қаласы, 20-үй, 62-пәтер. | |

Сөйлесім

1. №1-кестеге өзіңіз туралы жазыңыз. Досыңызға сұрақтар қойып, №2 – кестені толтырыңыз.

| | |
|--------------------|--|
| №1-кесте | |
| Менің аты-жөнім: | |
| Жасым: | |
| Мекенжайым: | |
| Ұялы телефоным: | |
| Электронды поштам: | |

| | |
|---------------------|--|
| №2-кесте | |
| Оның аты-жөні: | |
| Жасы: | |
| Мекенжайы: | |
| Ұялы телефоны: | |
| Электронды поштасы: | |



Жазылым

1. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыз және жазыңыз.

1. Сен Астанада тұрасың.
2. Оның үйі Бейбітшілік көшесінде орналасқан.
3. Ол Әйгеріммен танысты.
4. Сәбит Шәкәрім көшесінде тұрады.
5. Ғалия 45-те.
6. Мейрамның әкесі 74-те.
7. Оның досы – Марат.
8. Ермектің ағасы – Төлеубай.
9. Нұрланның апасы бар.
10. Сенің ініңнің аты – Руслан.
11. Мәлік- инженер.

2. Берілген мәліметтерді пайдаланып, мәтін жазыңыз.



Аты-жөні:

Гүлнұр Қайратқызы Марат.

Жасы: 28

Мекенжайы: Ақтөбе қаласы,
Шернияз көшесі, 15-үй, 28-пәтер.


Ұялы телефоны:

+7 701 654 28 31

Электронды поштасы:

gulya-6@mail.ru





ҚАЙ МЕКЕМЕДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙСІЗ?



ҚАЙ МЕКЕМЕДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙСІЗ?

Оқылым

91-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

1. Оқыңыз.

Сәлима: – Сәлеметсіз бе?

Қасым: Сәлеметсіз бе? Танысайық. Менің аты-жөнім – Қасым. Мен заңгермін.

Сәлима: Ал мен оқытушымын, аты-жөнім – Сәлима Қуандыққызы.

Қасым: Қай қалада тұрасыз?

Сәлима: Мен Ақтөбеде тұрамын. Сіз ше?

Қасым: Мен Астанада тұрамын.

Сәлима: Неше жастасыз?

Қасым: Отыз жастамын. Сіз ше?

Сәлима: Мен жиырма жетідемін.

Қасым: Қайда жұмыс істейсіз?

Сәлима: Университетте. Ал сіз ше?

Қасым: Мұнай компаниясында.

Сәлима: Жақсы, танысқаныма қуаныштымын!

Қасым: Мен де қуаныштымын. Сау болыңыз.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Жіктік жалғауы 81-бет
Личные окончания стр.81

1. Қажетті қосымшаны жалғаңыз. Болымсыз түрін жасаңыз.

1. Мен оқушымын.

2. Сен қазақ... .

3. Ол композитор... .

4. Сіз дипломат... .

5. Айша- студент... .

6. Дастан- заңгер... .

7. Мен бағдарламашы... .

8. Сен елші... .

9. Ол заңгер... .

10. Мен мұғалім... .

11. Сен бағдарламашы... .

12. Сіз де мұғалім... .



2. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

1. (мен/үйде)- *Мен үйдемін.*
2. (сіз/жұмыс)-
3. (ол/білімді)-
4. (сіз/дәрігер)-
5. (сен/кітапханада)-

1. Жұптастырыңыз және тексеріңіз.

| | |
|--------|----------------|
| Мен | қызметшілер |
| Сен | тыңдаушымын |
| Сіз | әріптессін |
| Ол | тыңдаушысындар |
| Біз | доссыз |
| Сендер | әріптессіздер |
| Сіздер | қонақ |
| Олар | бойжеткенбіз |

Сөйлесім

1. Сурет бойынша сұхбат құрыңыз.

Қажетті сөздер: менің, ат, жас, мамандық, мұнайшы, дәрігер, емхана, компания, ұнайды.



2. Топтық жұмыс.

1. Қораптың ішінде мамандық атаулары жазылған қағаз жатыр.
2. Бір тіл үйренуші қағаздың бірін таңдап алады.
3. Басқа тіл үйренушілер сұрақ қою арқылы ол мамандық атауын табады.



- Сіз жүргізушісіз бе?
- Жок, жүргізуші емеспін.
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Ауруханада.
- Сіз дәрігерсіз бе?
- Иә, дәрігермін.

Жазылым

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мекемеңіз қалай аталады?
_____.
- Мекеме қайда орналасқан?
_____.
- Мекеменің ғимараты неше қабатты?
_____.
- Мекемеде кім болып жұмыс істейсіз?
_____.
- Мекемеде жұмыс нешеде басталады?
_____.
- Жұмыс нешеде аяқталады?
_____.
- Түскі үзіліс нешеде?
_____.
- Кабинетіңіз нешінші қабатта, нөмірі қандай?
_____.
- Кабинетіңіз қандай?
_____.
- Неше адам жұмыс істейді?
_____.



Қандай заттар бар?

- _____.
- Жұмыс телефоныңыздың нөмірі қандай?
- _____.
- Жұмысыңыз ұнай ма?
- _____.

2. Мәтін ақпараттарын пайдаланып, түйіндеме құраңыз.



Мен Айдос Нұрланұлы Ержановпын. Ақтөбе қаласында тұрамын. Отыз алты жастамын. Отбасым бар, үйленгенмін. Екі ұлым бар. Білімім жоғары. Мамандығым-заңгер. №1 емханада жұмыс істеймін. Еңбек өтілім – он екі жыл.

Түйіндеме

| | |
|------------------------|--|
| Аты-жөні: | |
| Туған жылы, айы, күні: | |
| Мекенжайы: | |
| Білімі: | |
| Отбасы жағдайы: | |
| Мамандығы: | |
| Жұмыс орны: | |
| Еңбек өтілі: | |
| Қосымша мәлімет: | |



АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ



АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

92-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Сұхбатты оқыңыз.



Асылбек: – Пияз сатып аласың ба?
Әйелі: – Жоқ, үйде бар. Картоп, сәбіз, қырыққабат сатып аламын.
Асылбек: – Жарайды.
 Картоп қанша тұрады?
Сатушы: – 80 теңге.
Әйелі: – Сәбіз қанша тұрады?
 Қырыққабат ше?
Сатушы: – Сәбіз 85 теңге, қырыққабат 100 теңге.



Даяшы: – Кеш жарық! Қош келдіңіздер!
Ақылбек: – Сәлеметсіз бе?
 Бізге ас мәзірін беріңізші! Камилла, сен қандай тағамды ұнатасың?
 Не жейсің?
Камилла: – Мен қуырдақты ұнатамын. Қуырдақ жеймін.
Ақылбек: – Айдана, сен ше?
Айдана: – Мен тауық сорпасын ішемін, содан кейін құймақ жеймін.
Ақылбек: – Даяшы, қуырдақ, тауық сорпасын, құймақ және алма шырынын әкеліңізші!
Даяшы: – Жақсы, қазір әкелемін.
 * **
Даяшы: – Астарыңыз дәмді болсын!

2. Бірінші диалог бойынша жауап беріңіз.

Асылбектің әйелі не сатып алады?

1. Ол пияз сатып алады.
2. _____.
3. _____.
4. _____.



3. Екінші диалог бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|-------|------------|
| 1. Олар дүкенге келді | | |
| 2. Камилла тұшпараны ұнатады | | |
| 3. Айдана тауық сорпасын ішеді. | | |
| 4. Ақылбек құймақ жейді. | | |
| 5. Олар қуырдаққа, тауық сорпасына, құймаққа және алма шырынына тапсырыс берді. | | |

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Ауыспалы осы шақ 82-бет
Переходное настоящее время стр.82

2. Қимыл атауларын берілген үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі:

*дайында – дайында+й+мын
пісір – пісір+е+мін*

іш –
қайнат-
қуыр-

сатып ал-
же-
тапсырыс бер

3. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

| | |
|---------------------------------|-------------------------|
| 1. Мен/ал/сатып/айран | Мен айран сатып аламын. |
| 2. істе/Сен/жұмыс/дүкенде | |
| 3. Ақтөбе/Айжан/тұрма/қаласында | |
| 4. Әлия/бол/үйде | |
| 5. Әсел/ал/сүт/сатып | |
| 6. Асқар/тұр/ ауылда | |





Сөйлесім

1. Әңгімелеп беріңіз.

Кеше таңертеңгі асқа:

түскі асқа:

кешкі асқа:

қандай тағам дайындадыңыздар?

2. Жұптық жұмыс. Дүкенде сауда жасап жаттығыңыздар.

Сіз



Сіз



сатып аласыз.

сатып алмайсыз.

Жазылым

1. Ертең сіз қонақ шақырасыз. Берілген тізім бойынша не сатып алатыныңызды жазыңыз.



2. Берілген сын есімдерді пайдаланып, түскі асыңыз туралы жазыңыз.



Тәтті, ащы, дәмді, қышқыл, ұлттық, ыстық, салқын.





ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

92-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Сұхбатты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе? Кіруге бола ма?
- Кіріңіз. Отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?
- Менің мазам болмай тұр.
- Қызуыңызды өлшейін. Қызуыңыз жоғары екен. Енді аузыңызды ашып, тіліңізді көрсетіңіз.
- Қай жерім ауыратынын анықтадыңыз ба, дәрігер?
- Шыдай тұрыңыз. Мен сізді тыңдап көрейін. Деміңізді ішке алып, сыртқа шығарыңыз.
- Менің өкпем ауыра ма?
- Иә, сіз өкпеңізге суық тигізіп алғансыз. Мен сізге рентгенге жолдама беремін.



2. Сұхбат бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---------------------------------------|-------|------------|
| Емделуші дәріханаға келді. | | |
| Оның өкпесі ауырады. | | |
| Оның қан қысымы жоғары. | | |
| Пациент бүйрегіне суық тигізіп алған. | | |
| Дәрігер рентгенге жолдама берді. | | |

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Табыс септік 83-бет
Винительный падеж стр.83





2. Табыс септік жалғауларын қойыңыз.

1. Алма сабақ... жақсы оқиды.
2. Ол Әсет... жақсы көреді.
3. Сен қалам... алдың ба?
4. Диас, менің дәрі... әкелші.
5. Мен бұл сырға... сатып алдым.
6. Дәріханада досым... көрдім.

3. Ережемен танысыңыз.

Жедел өткен шақ 83-бет
Очевидно-прошедшее время стр.83

4. Төмендегі егістіктерді есімдіктермен тіркестіріңіз.

Үлгі: Сен ауырдың.

_____ тексерілдім, _____ тыңдады, _____ жөтелдің, _____ емдеді,
 _____ қарадыңыз, _____ отырдым, _____ жүрдіңіз, _____ көрдіңіз,
 _____ келді, _____ келдім, _____ бардыңыз, _____ сатып алды,
 _____ ішті, _____ сатып алдыңыз, _____ жұмыс істедің, _____ жасадым.

Сөйлесім

1. Жағдаят бойынша сұхбат құрыңыз:

Қуаныштың тісі ауырды. Ол тіс дәрігеріне келді.



Қуаныш

.....

.....

Тіс дәрігері

.....

.....



2. Сұхбатты ретпен оқыңыз.

- Иә, құрғақ жөтел.
- «Амбробене», «Трависил», «Лазолван» бар. Жөтеліңіз құрғақ жөтел ме?
- Жөтелдің дәрісі керек еді.
- Жақсы, рақмет. Бағасы қанша?
- Сау болыңыз.
- Сізге онда «Лазолван» ішу керек. Дәріні күніне екі рет ішесіз. Сосын лимон, құлпынай шайын алыңыз.
- Бағасы 965 теңге тұрады. Ауырмаңыз, тез сауығып кетіңіз.

Жазылым

1. Бос орынға керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Айнұрдың _____ ауырды.
2. Ол дәріханадан _____ сатып алды.
3. Сіз дәріні _____ алдында қабылдаңыз.
4. _____ қосылған шай ішіңіз.
5. Дәрумендер _____ құрамында көп кездеседі.



2. Берілген сөздер және сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Сөздер мен сөз тіркестері: ауырып қалу, дәрігерге бару, қабылдау, тыңдау, дәрі беру, емделу, ішу, тез сауығып кету, қарау, жөтелу, келу.





ӘДЕПТІ АДАМ – ӘДЕМІ



**ӘДЕНТІ АДАМ – ӘДЕМІ**

93-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым**1. Мәтінді оқыңыз.**

Мағжан – менің досым. Мамандығы – дәрігер. Ол өз мамандығын жақсы көреді. Мағжан – мәдениетті, білімді, сыпайы жігіт. Ол әріптестері арасында өте беделді. Өтірікші, жеңілтек емес. Оның еңбекқорлығы мен шыдамдылығы бізге ұнайды. Достары Мағжанды ақылдылығы үшін сыйлайды.

**1. Мәтін бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.**

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|-------|------------|
| Мағжанның мамандығы – дәрігер. | | |
| Мағжан – мәдениетсіз, білімсіз, сыпайы жігіт. | | |
| Әріптестері арасында беделі жоқ. | | |
| Мағжан – өтірікші, жеңілтек жігіт. | | |
| Оның шыншылдығы мен сыпайылығы бізге ұнайды. | | |
| Достары Мағжанды сараңдығы үшін ұнатпайды. | | |

2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрыңыз.

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Сын есім 84-бет
Имя прилагательное стр.84

2. Сын есімдерді екі бағанға жазыңыздар.

| Сапалық сын есімдер | Қатыстық сын есімдер |
|---------------------|----------------------|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

Қара, қызыл, таулы, ащы, жақсы, қарлы, аудандық, бұлтсыз, қышқыл, жазғы, биік, сары, сусыз, қысқы, ақылды, жаман, үлкен, республикалық, бақытты, үлгілі.

3. Оқылым бөлігіндегі мәтіннен сын есімдерді тауып жазыңыздар.

Үлгі: мәдениетті, ..., ...

4. Берілген зат есімдерден сын есімдер жасаңыз.

Сабыр, бақыт, ақыл, білім, құрмет, талап, өнер, дәм, сән, тәртіп.

Сөйлесім

1. Сұраққа жауап беріңіз.

- Сенің досыңның мінезі қандай?
- Менің досым _____, _____, _____.
- Ол қандай қыз (жігіт)?
- Ол _____, _____, _____.





2. Жұптық жұмыс. Сұхбатты толықтырыңыз.

Дәурен: – «Жау жүрек мың бала» атты кино маған ұнады.
Саған ұнады ма?

Ақылбек: – Жаксы кино екен. Киноны көріп, қуандым.
Жастардың батырлығы, достығы туралы кино екен.
Күлдім де, жыладым да!

Дәурен: – Дұрыс айтасың, мен де сондай сезімде болдым.

Ақылбек:

Дәурен:

.....



Жазылым

1. Жағдаяттық сұрақтарға жауап беріңіз.

- Оны достары сыйлайды. Ол – _____.
- Ол өтірік айтпайды. Ол – _____.
- Ол көп нәрсені біледі. Ол – _____.
- Оған әрқашан сенуге болады. Ол – _____.
- Оның жұмыс істегісі келмейді. Ол – _____.
- Ол адамдармен сыпайы сөйлеседі. Ол – _____.
- Ол ешкімге затын бермейді. Ол – _____.

2. Әріптесіңіздің жақсы қасиеттерін сипаттап жазыңыз.





КИМ – АДАМ КӨРКІ





КИИМ – АДАМ КӨРКІ

93-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Мәтінді оқыңыз.

Біздің қаламызда «Сәтті» киім дүкені ашылды. Онда әйелдер мен ер адамдардың және жасөспірімдердің сәнді киімдері сатылады. Ұл балалар ақ жейде, қара көк костюм, галстук, бас киімдер мен спорттық киімдерді тандай алады. Ал қыздар ақ көйлек, қара көк белдемше, жазғы аяқ киім, әдемі қолғап, түрлі әшекейлер сатып алуларына болады.

Құрбым екеуіміз жеңіл әрі сәнді туфли сатып алу үшін «Сәтті» дүкеніне бардық. Маған қызыл түсті спорттық киім де ұнады. Біз туфли мен спорт киімін сатып алдық.



2. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|------------------|-----------------|
| 1. Спорттық киім | 1. тандай алады |
| 2. Ұлдар костюм | 2. сатып алу |
| 3. Туфли | 3. ұнады |

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сендердің қалаларыңда қандай дүкен ашылды?


— _____

2. Дүкенде ұл балаларға арналған киімдер сатыла ма?

— _____

3. Қыздар дүкеннен қандай киім сатып алады?

— _____



Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Көптік жалғауы 85-бет
Окончание множественного числа стр.85

1. Көптік жалғаулы сөздерді табыңыз.

1. Кітапта суреттер жоқ.
2. Сіздер ертең не істейсіздер?
3. Дүкеннен сәнді киімдер сатып алдым.
4. Бұл жарысқа студенттер қатысты.
5. Асанға ақ жейде сыйладым.
6. Жастар саябақта қыдырып жүр.
7. Көшеде жүрген көліктер саны көп.

2. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз.

Шалбар, етік, жейде, күртеше, белдемше, қарындаш, қалам, көйлек, көзілдірік, қалпақ, қолшатыр.

Сөйлесім

1. Мәтінді оқып, мазмұнына сәйкес сөйлем құраңыз.



Кеңсе қызметкерлерінің киімі:

- Ер адамдар жұмысқа ақ жейде, қара шалбар киеді.
- Әйел адамдар бір түсті кофта және белдемше киеді.
- Джинсы, жеңі жоқ, ала, спорттық аяқкиім киюге болмайды.
- Қара көзілдірік киюге болмайды.



- Ер адамдарға жұмысқа қара жейде
- Ер адамдарға қара шалбар
- Әйел адамдарға ақ блузка
- Әйел адамдарға белдемше
- Жұмысқа джинсы шалбар
- Спорттық аяқкиім
- Қызыл, сары, жасыл киім

→ киюге → болады/болмайды.



2. Жұптық жұмыс. Бір-біріңізге сұрақ қоя отырып, жауап беріңіз.

- Сен қыста не киесің?

- Сен көктемде не киесің?

- Сен жазда не киесің?

- Сен күзде не киесің?

- Алмас университетке не киеді?

- Күнсұлу театрға не киеді?

- Жастар спорт залына не киеді?

Жазылым

1. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Адамдар қыста _____ киім _____.
2. Қысқы _____ киеді.
3. Әкем _____ етік сатып _____.
4. Көктемде _____ киімдер _____.
5. Мақсат _____ туфли _____.
6. Сырт киімдер: _____, тон, _____.
7. Аяқкиімдер: _____, _____.
8. Киіміміз _____ әрі сәнді.
9. Алмас _____, қалың _____ сатып алды.

2. Ұсынылған жағдаяттарда қандай киім кию керек, қандай киім киюге болмайтыны туралы жазыңыз.



спорт залда



концертте



мейрамханада



әкімдікте





УАҚЫТПЕН ТАНЫСУ
ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ
АУА РАЙЫ



УАҒЫТШЕН ТАНЫСУ. ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ. АУА РАЙЫ.

93-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Оқыңыз.

Жыл мезгілдері

Бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз. Бір мезгілде үш ай бар. Үш ай – бір тоқсан. Жылда он екі ай бар. Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан; көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр; жаз айлары – маусым, шілде, тамыз; күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша.

Қыста күн суық, қысқа,
ал түн ұзақ. Қыс – өте
әдемі, ақ қарлы,
керемет кез!



Жаз – ең жақсы кез.
Жазда күн ыстық,
жаңбыр аз.
Жаз – демалыс кезі.

Көктем – тамаша кез.
Көктемде күн жылы,
салқын емес, кейде
жаңбырлы, кейде
күрғақ.

Күзде күн салқын,
жаңбыр көп.
Күзде жеміс-жидек,
көкөніс өте көп.

Әр айда төрт апта, әр аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Демалыс күндері – сенбі, жексенбі, қалған күндер – жұмыс күндері.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Бір жыл мезгілінде неше ай бар?
3. Бір айда неше күн бар?
4. Бір аптада неше күн бар?
5. Көктем мен күздің айырмашылығын айтыңыз.
6. Қыс пен жаздың айырмашылығын айтыңыз.

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Үстеу 85-бет
Наречие стр.85
Мезгіл үстеуі 86-бет
Наречия времени стр.86



1. Көп нүктенің орнына керекті мезгіл үстеуді қойыңыз (бүгін, күні-түні, түнде, былтыр, ерте).

- А) Марат ауылдан ... келді.
- Ә) Жаңбыр бір апта ... жауды.
- Б) Жұлдыздар ... көрінеді.
- В) Мен мектепті ... бітіргенмін.
- Г) Нұржан ... оянды.

2. Мезгіл үстеуді тауып, сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

| | |
|--------------------------------------|-----------------------------|
| 1. Ертең жаңбыр жауа ма? | Жоқ, ертең жаңбыр жаумайды. |
| 2. Бүгін боран соға ма? | |
| 3. Ол ертең жұмысқа бара ма? | |
| 4. Сіз бүрсігүні базарға барасыз ба? | |
| 5. Сен кешке шаңғы тебесің бе? | |
| 6. Жиналыс ертең бола ма? | |

Сөйлесім

1. Өткен үш күннің ауа райын айтып беріңіз.

2. Жауаптарды пайдаланып, сұрақтар құрыңыз.

- _____ ?
- Маған жаз мезгілі ұнайды.
- _____ ?
- Маған шілде айы ұнайды.
- _____ ?
- Өйткені жазда, шілде айында демаламын.
- _____ ?
- Маған көктем мезгілі ұнайды.
- _____ ?
- Менің туған күнім күзде, қазан айында.
- _____ ?
- Менің туған күнім көктемде, мамыр айында.





Жазылым

Берілген уақытты санмен жазыңыз.

- Бірден екі минут кетті – 01:02
- Екіге жиырма минут қалды –
- Үштен он бес минут кетті –
- Беске он бес минут қалды –
- Алты жарым –
- Жетіден жиырма бес минут кетті –
- Сегізге он минут қалды –
- Тура сағат тоғыз –
- Онға сегіз минут қалды –
- Он екі жарым –



1. Берілген уақыт бойынша Ержанның күн тәртібін құрастырыңыз. Кестені толтырыңыз.

| | 07.00 | 07.15 | 07.30 | 08.00 | 08.45 | 09.00-12.55 | 13.00 | 14.00-18.00 | 19.00 | 21.00 | 24.00 |
|--------|------------------------------|-------|-------|-------|-------|-------------|-------|-------------|-------|-------|-------|
| оянады | дене жатты-ғула-рын жа-сайды | | | | | | | | | | |

1. Туған жеріңіздің төрт мезгіліндегі ауа райын сипаттап жазыңыз.



**МЕРЕКЕЛЕР
ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ**





МЕРЕКЕЛЕР. ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

94-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым

1. Оқыңыз.



22 Наурыз – бүкіл Шығыс халықтарының мерекесі. Бұл – күн мен түннің теңелетін, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі. Наурыз – табиғат мейрамы. Бұл күні адамдар бір-бірін мынадай сөздермен құттықтайды: «Ұлыс құтты болсын», «Ақ мол болсын». Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады. Әр үйде наурыз көже пісіріледі. Наурыз көженің құрамына жеті түрлі тағам салынады. Келген қонақтарға наурыз көже беріледі.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. 22 наурыз қандай мереке?
2. Наурыз қандай кез?
3. Халық қалай қарсы алады?
4. Наурызда бір-біріне қандай сөздер айтады?
5. Наурызда не пісіріледі?
6. Наурыз көжеге неше түрлі тағам салынды?



3. Көп нүктенің орнына қажетті етістікті қойыңыз.

Күн мен түн Наурызды халық үлкен қуанышпен Адамдар бір-бірін Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп,..... . Әр үйде наурыз көже Келген қонақтарға наурыз көже

қарсы алады, теңеледі, татуласады, құттықтайды, беріледі, пісіріледі.





Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Көмектес септігі 86-бет
Творительный падеж стр.86

2. Сөйлем бөліктерін біріктіріп жазыңыз.

| | | | |
|-------------|----------------------|--------------|-----------------------|
| Ол сіз | +мен +пен +бен | келесіз | 1. Ол сізбен танысады |
| Ол атасы | | танысады | |
| Мен футбол | | айналысамын | |
| Сіз қызыңыз | | барады | |
| Ол отбасы | | шұғылданады | |
| Сіз мұғалім | | бірге келеді | |
| Сен спорт | | билеңіз | |
| Сіз жүзу | | айналысасыз | |

3. Дұрыс нұсқасын тандаңыз.

1. Сен мұғалімде/ мұғаліммен барасың.
2. Біз машинаның/ машинамен барамыз.
3. Сіз Алматпен/ Алматқа сөйлестіңіз.
4. Сізді туған күніңізбен/ күніңмен құттықтаймыз.
5. Ол Айдарды/Айдармен барады.
6. Мен досыммен/ досымды кездестім.

Сөйлесім

1. Жағдаяттар бойынша сұхбаттарды толықтырыңыз.

1. Сәлеметсің бе, _____!
– Қайырлы кеш, _____!
– _____ құтты болсын!
– Рақмет.
– Бүгін біздің ұжымда мерекелік дастарқан жайылады. Сені шақырайын деп едім. Келе аласың ба?
– Ренжіме, _____, себебі _____.
– Жарайды. Тағы да мерекенмен.





2. Ертең Конгресс-Холлда _____ мерекесіне байланысты өтетін _____ барасың ба?
 – Қандай әншілер келеді екен?
 – _____.
 – Ендеше барамын.
 – Онда таңертең сағат 09.00-де _____ кездесейік.
 – Жарайды. Кездескенше!

2. Жұптық жұмыс. Берілген жағдаяттар бойынша сұхбат құрастырыңыз.

1. Құрбыңызды 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен телефон арқылы құттықтаңыз.
2. Әріптесіңіздің туған күніне бара алмайтыныңызды оған қалай айтасыз?

Жазылым

1. Жауаптарды пайдаланып, сұрақтар жазыңыз.

- _____ ?
 – Наурыз мейрамын отбасымызбен тойлаймыз.
 – _____ ?
 – Әріптестерімізбен мейрамханаға барамыз.
 – _____ ?
 – Ең жақсы көретін мерекем 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні.
 – _____ ?
 – Анама орамал, әкеме жейде сатып алдым.

2. Берілген үлгіні пайдалана отырып, әріптесіңізге құттықтау хат жазыңыз.


Құрметті _____ !

Сізді Жаңа жылыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, бақыт және еңбегіңізге табыс тілейміз.

Шынайы ниетпен: әріптестеріңіз

Қажетті сөздер: Құрметті, сізді, қуаныш, сізге, құттықтаймын, шын жүректен, бақыт, еңбегіңізге табыс, әйел бақытын, ұзақ өмір, зор денсаулық, тілеймін.





БОС УАҚЫТ



**БОС УАҚЫТ**

94-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

Оқылым**1. Мәтінді оқыңыз.**

Әйгерімнің отбасы үлкен және тату. Оның әке-шешесі, ата-әжесі, апасы, сіңлісі және інісі бар. Әрқайсысының өз ермегі бар. Әжесі қолөнермен шұғылданады. Атасы теледидар қарайды. Әкесі аңшылықпен айналысады. Анасы тігуді ұнатады. Әйгерімнің ағасы спортпен айналысады. Ол – футбол әуесқойы. Ал, әпкесінің ермегі – сурет салу. Сіңлісі би билеуді ұнатады. Інісі шет тілдерді үйренгенді жақсы көреді. Ал, Әйгерім гүл өсіруге әуес. Олар отбасымен жазда саяхатқа шыққанды ұнатады.

1. Мәтін бойынша сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

1. Әйгерім _____ әуес.
2. Әрқайсысының өз _____ бар.
3. Атасы _____ қарайды.
4. Әкесі _____ айналысады.
5. Анасы _____ ұнатады.
6. Әпкесінің ермегі – _____.
7. Інісі _____ жақсы көреді.
8. Сіңлісі _____ ұнатады.
9. Ағасы спортпен _____.
10. Әжесі _____ шұғылданады.
11. Олар жазда _____ ұнатады.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құрыңыз.**Грамматика****1. Ережемен танысыңыз.**

Барыс септігі 87-бет
Дательный падеж стр.87





2. Барыс септіктегі сөздерді табыңыз.

1. Мен базарға барамын.
2. Бұл алмалар тәтті.
3. Олар мектепке кетті.
4. Сәуле жұмыста болды.
5. Жастар саябаққа жиналды.
6. Раушан Маржанға сұрақ қойды.
7. Мен Көкшетауға телефон соқтым.
8. Мен кеше ұялы телефон сатып алдым.

3. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға қысқа жауап беріңіз.

1. Сен қайда барасың? (кітапхана) *кітапханаға.*
2. Спортшылар қайда кетті? (жаңа стадион)..... .
3. Айжан кімге кеңес берді? (Сәуле)
4. Ол кеше қайда барды? (дәріхана)
5. Сәрсенбіде олар қайда барады? (мұражай)
6. Сіз жексенбіде қайда барасыз? (саябақ)

4. Ережемен танысыңыз.

Синонимдер 87-бет
Синонимы стр.87


5. Синонимдер қатарын көрсетіңіз.

1. Қорқақ, батыр;
2. Жақын, таяу, жуық;
3. Уақыт, мерзім, мезгіл;
4. Көрікті адам, келбетті адам, ажарлы кісі;
5. Ұстаз, мұғалім;
6. Ащы, тұщы;
7. Айналысу, шұғылдану.

Сөйлесім

1. Рөлге бөліп сөйлесіңіз.





2. Сұхбат бойынша дұрыс ақпаратты белгілеңіз.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|-------|------------|
| 1. Нұрлан бос уақытында кино көргенді жақсы көреді. | | |
| 2. Жұлдыз жексенбі күндері мұражайда болады. | | |
| 3. Жұлдыз бос уақытында ән айтады. | | |
| 4. Жұлдыздың сәрсенбіде қолы бос. | | |
| 5. Нұрлан мен Жұлдыз сейсенбіде кинотеатрға барады. | | |





3. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

– Қымбат, бос уақытыңда немен шұғылданасың?

– _____.

– Бос уақытыңда спорт кешеніне барасың ба?

– _____.

– Қандай кітаптар оқыдың?

– _____.

– Қандай телебағдарламалар көресің?

– _____.

– Саябаққа барасың ба?

– _____.

– Бос уақытыңды кіммен бірге өткізесің?


– _____.

Жазылым

1. Берілген суреттер бойынша бос уақытыңызда не істейтініңізді жазыңыз.

Қажетті сөздер: бару, көру, билеу, мұражай, жаттығу залы, театр, ұнау, бос уақыт.





БІЛІМ ЖОЛЫ



БІЛІМ ЖОЛЫ

Оқылым

94-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

1. Мәтінді оқыңыз.

Астана қаласында Білім күні қарсаңында зияткерлік мектеп ашылды. Зияткерлік мектептің ашылуын ата-аналар мен балалар ерекше күтті. Мектепте оқу пәндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытылады.

Мектеп мультимедиа кабинеттерімен жабдықталған. Оқушылар тапсырмаларды интерактивті тақтада орындайды. Мектепте әртүрлі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс істейді. Денис «Қазақ тілі» үйірмесіне барып жүр. Себебі ол қазақ тілін жақсы білгісі келеді.

Оқушылар мектептен кейін өздерінің мамандықтарын таңдайды. Олар колледж және жоғары оқу орындарына түседі, профессорлардың дәрістерін тыңдайды, семинарларға дайындалады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – сапалы білім беру.



2. Сәйкестендіріңіз

| | |
|----------------------|------------------|
| 1. білім | 1. ашылды |
| 2. интерактивті | 2. күні |
| 3. мультимедиа | 3. тақта |
| 4. тақтамен | 4. жұмыс істейді |
| 5. зияткерлік мектеп | 5. кабинеті |





3. Жауаптарды пайдаланып, сұрақтар құрыңыз.

- _____ ?
- Астана қаласында зияткерлік мектеп ашылды.
- _____ ?
- Тапсырмаларды интерактивті тақтада орындайды.
- _____ ?
- Денис «Қазақ тілі» үйірмесіне барып жүр.
- _____ ?
- Профессорлардың дәрістерін тыңдайды.



Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Қалау рай 87-бет
Желательное наклонение стр.87

2. Берілген етістіктерді қалау рай түрінде қолданыңыз.

Ойнау, ән айту, білу, оқу, үйрену, түсу, жұмыс істеу, бару, хабарлау, тындау.

3. Есімдіктерді сәйкестендіріңіз.

- | | |
|-----------|-------------------|
| Сенің | барғым келеді |
| Сіздің | барғысы келеді |
| Оның | барғыңыз келеді |
| Менің | барғың келеді |
| Біздің | барғыларың келеді |
| Сендердің | барғымыз келеді |



4. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құрыңыз.

(Қазақ тілін, университетке) _____ білгім келеді, (кітапты, колледжге) _____ барғың келеді, (тапсырманы, тіл үйретушімен) _____ кездескіңіз келеді, (аудиотаспаны, кітапты) _____ оқығым келеді, (оқу орнына, дискіні) _____ тыңдағың келеді, (жаттығуды, кітапты) _____ орындағымыз келеді.





Сөйлесім

1. Жұптық жұмыс. «Ұлттық кітапханада» тақырыбына диалог құрыңыз. Кітапханашымен сөйлесіңіз.

- Сәлеметсіз бе? Ұлттық кітапхана қайда?
- Ұлттық кітапхана сол жағалауда, Бәйтеректің жанында.
- Оған қалай баруға болады?
- Осы жерден №28, №118-автобуска отырасыз. Аялдамасы «Кітапхана» деп аталады.
- Сізге көп рақмет.

Жазылым

1. Топпен жұмыс. Рөлмен оқыңыздар. «Кім қандай үйірмеге қатысады?» сұрағы бойынша сөйлем жазыңыздар.

Денис: – Мен қазақ тілі үйірмесіне барып жүрмін. Қазақ тілін үйренгім келеді.

Жансу: – Менің ағылшын тілі үйірмесіне барғым келеді.

Қасиет: – Ал мен спорт үйірмесіне барып жүрмін. Маған қазақша күрес ұнайды.

Жансу: – Арсен кеше шахматтан бірінші орын алды.

Денис: – Ол шахматты жақсы ойнай ма?

Жансу: – Иә, өте жақсы ойнайды. Жыл сайын бірінші орынды жеңіп алады.

1. Денис _____.
2. Қасиет _____.
3. Арсен _____.

Кім қандай
үйірмеге қатысады?



1. Хабарландыруды оқыңыз. Берілген үлгі бойынша хабарландыру жазыңыз.

*Құрметті ата-аналар мен оқушылар!
Білім күніне орай ашылған зияткерлік мектептің
алғашқы жиналысы болады.
Жиналысқа ата-аналар мен қызметшілер қатысуы тиіс.
Жиналыс мектептің салтанат залында сағат: 16.00-де болады.*

Тірек сөздер: тіл үйренушілер, жартыжылдық, тоқсандық, қорытынды, семинар, уақыты, өткізілетін жері.





МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ



МЕҢІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Оқылым

1. Мәтінді оқыңыз.

95-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.



1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні деп аталды. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болды. Тәуелсіз еліміздің өз мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Гимні бар.

Қазақстанның аумағы өте үлкен. Қазақ елі Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі. Қазақстанның шекарасы батыстан шығысқа дейін 2800 шақырымды алып жатыр.

Батысында Каспий теңізі орналасқан. Каспий теңізінде мұнай мен газ кеніштері бар. Қазақстанның оңтүстігінде көкөніс, жеміс-жидек көп өседі. Солтүстігінде егін жақсы өседі. Ал шығыс аймағы түрлі-түсті металға бай. Орталық Қазақстанда көмір шығарады.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Ол еліміздің солтүстігінде орналасқан. Қазақстан халқының саны – 17 миллион.

2. Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ елі тәуелсіздігін қашан алды?
2. Қазақстан Республикасының Президенті кім?
3. Тәуелсіз еліміздің рәміздерін білесіз бе?
4. Қазақстанның шекарасы үлкен бе?
5. Ол қай мемлекеттермен шектеседі?
6. Каспий теңізі қайда орналасқан?
7. Қазақстан халқының саны қанша?





Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Мекен үстеуі 88-бет
Наречия места стр.88

2. Мекен үстеуді табыңыз.

Біздің ауыл қаладан алыста орналасқан. Майра қаладан кеше келді. Құстар бұлттан төмен ұшады. Ол солға бұрылды.

3. Мекен үстеуін қойыңыз.

1. Біздің мекеме ... орналасқан.
2. Олар бір аялдама ... жүрді.
3. Мұражайдың ... әдемі жәдігерлер бар.
4. Поезд ... бұрылды.
5. Сіз дәріхананың ... тұрсыз ба?

Мекен үстеулер: солға, сол жақта, ішінде, алдында, жоғары.

Сөйлесім

1. Жүппен жұмыс. Рөлге бөліп оқыңыз.

Төменде берілген кестені толтырып, сұхбат құрыңыз.

Нұржан: – Сен қай жерден келдің? Немен келдің?

Ерлан: – Мен Көкшетаудан «Ерейментау- Астана» жүйрік пойызымен келдім. Ал сен қайдан келдің?

Нұржан: – Мен Атырау қаласынан келдім.

Ерлан: – Алыстан келіпсің ғой. Пойызбен келдің бе?

Нұржан: – Жок, мен Атырау халықаралық әуежайынан «Эйрбас А320» ұшағына отырдым.

Ерлан: – Атыраудан Астанаға дейін ұшақ неше сағат ұшады?

Нұржан: – 2 сағат 30 минут ұшады.

Ерлан: – Сау бол! Кездесеміз.





Алматыға немен барасыз?

| Мерзімі | Ұшақ нөмірі | Пойыз нөмірі | Автобус нөмірі | уақыты | бағасы |
|----------|-------------|--------------|----------------|--------|--------|
| Таңертең | | | | | |
| Күндіз | | | | | |
| Кешке | | | | | |


Жазылым


1. Жеке сөздермен сөйлем құрыңыз.

1. тәуелсіз, ел, Біздің
2. Батысында, бар, теңізі, Каспий
3. өседі, егін, Солтүстігінде
4. металға, бай, түрлі-түсті, Шығыс аймағы
5. көмір, Қазақстанда, Орталық, бар.

2. Берілген суреттер бойынша «Менің Қазақстаным» тақырыбына шығарма жазыңыз.

Тірек сөздер: шекара, жер, аумақ, бай, қалалар, көмір, жеміс-жидек, егін, мұнай.





РЕСМИ ҚҰЖАТТАР СТИЛІ ӨТІНІШ



РЕСМИ ҚҰЖАТТАР СТИЛІ

ӨТІНІШ

Оқылым

1. Өтініш мәтінін оқыңыз.

95-беттегі жаңа сөздермен танысыңыз.

№2 қалалық емхананың бас дәрігері
С. Нұрлановқа балалар бөлімінің
меңгерушісі Қ. Асанқызынан

Өтініш

Маған 2013 жылғы 25 тамыздан бастап осы жылғы кезекті еңбек демалысына шығуыма рұқсат етуіңізді өтінемін.

Қ. Асанқызы
2013 жылғы 20 тамыз

2. Сәйкестендіріңіз.

| | | |
|----------------------|----------------|------------------------|
| Оқытушы қызметіне | беруіңізді | өтінемін (сұраймын) |
| Кезекті демалыс | қабылдауыңызды | |
| Кезектен тыс | ауыстыруыңызды | |
| Материалдық көмек | босатуыңызды | |
| Инженер ретінде | көрсетуіңізді | |
| Астана қаласына | беруіңізді | |
| Өз еркіммен жұмыстан | қабылдауыңызды | |
| Жатақханадан орын | жіберуіңізді | |
| Иссапарға | босатуыңызды | |

Грамматика

1. Ережемен танысыңыз.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі 89-бет
Порядок слов в предложении стр.89



2. Сөздерді орын тәртібімен орналастырып, сөйлем құрыңыз.

| | |
|--|--|
| 1. Саша/ ұнатады/ РУДН командасын | |
| 2. тыңдаймын/ мен/ жаңалықтарды/ кешкі | |
| 3. Марат/ алды/ бас жүлдені | |
| 4. қазір/ жұмыс істейді/ банкте/ол | |
| 5. өтініш/ Майра/ жазды/ кеше | |
| 6. қызметшіні, басшы, қабылдады, жұмысқа | |
| 7. ұйымдастырады/ конференцияны/ студенттер | |

3. Ережемен танысыңыз.

Өтініш 88-бет
Заявление стр.88

Сөйлесім

1. Сұхбатты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе? Кіруге бола ма?
- Сәлеметсіз бе? Кіріңіз. Қандай жұмыспен келдіңіз?
- Менің аты-жөнім – Қарақат Айболқызы. Сізге өтінішпен келдім.
- Өтініш жазып әкелдіңіз бе?
- Әрине, мен өтініш жазып әкелдім.





2. Диалогты толықтырыңыз.

- Сіз қандай жұмыспен келдіңіз?
- Мен _____ келдім.
- Өтінішті жазба түрде беріңіз.
- Әрине, мен _____.
- Өтініш не туралы?
- _____ кезекті демалыс _____.



Жазылым

1. Сөйлемді дұрыс құрыңыз.

1. кезектен тыс демалыс/ байланысты/отбасы жағдайыма/ беруіңізді өтінемін.
2. қабылдауыңызды/ қызметіне/ бағдарламашы/ бастап/ 2013 жылғы 12 мамырдан/ сұраймын.
3. орта мектептің/ сұраймын/ Ы. Алтынсарин/ 11-сыныбына/ атындағы/ қабылдауыңызды.
4. сұраймын/ ауыстыруыңызды/ бөліміне/ техникалық қызмет көрсету.
5. қызметімнен/ атқарып отырған/ сұраймын/ босатуыңызды.

2. Жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазыңыз.





АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

І. ЛЕКСИКА – ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК

Төмендегі тапсырмаларға жауап беріңіз.

1. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

Сызғыш пен өшіргіш ...

- а) –тер
- в) –тар
- с) –дар
- д) –дер

2. Қарамен жазылған сөздің синонимін табыңыз.

Қазақстанның табиғаты әсем.

- а) сұлу
- в) таза
- с) бай
- д) сұрықсыз

3. Қарамен жазылған сөздің синонимін табыңыз.

Алғашқы ғарышкер.

- а) ортаншы
- в) тұңғыш
- с) кенже
- д) соңғы

4. Сұхбатты аяқтаңыз.

– Ғалымжан бас маман ба?

– Иә, ол...

- а) бас мамандар
- в) бас маманмын
- с) бас мамансыз
- д) бас маман

5. Сұхбатты аяқтаңыз.

– Сіздер туыссыздар ма?

– Жоқ, біз...

- а) туыс емес
- в) туыс емеспін
- с) туыс емеспіз
- д) туыс емессіңдер

6. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

Елбасы Ресейдің мемлекеттік хатшысы... қабылдады.

- а) –н
- в) –ны
- с) –нда
- д) –нан



7. Сөйлемді аяқтаңыз.

– Нұрлан іссапарда...

- а) жүр ме?
- в) жүрсің бе ?
- с) жүрсіздер ме ?
- д) жүрміз бе?

8. Мақалдан туыстық атауды білдіретін сөздерді табыңыз.

Аға –бор, іні –тас (Мақал)

- а) аға, тас
- в) бор, тас
- с) аға, іні
- д) бор, іні

9. Асты сызылған сөздің антонимін табыңыз.

Ашу -..., ақыл –дос (Мақал)

- а) жаны, қасы
- в) алға, ілгері
- с) жақсы, жақсылау
- д) дұшпан

10. Қарамен жазылған сөзге антоним табыңыз.

Ең тәтті де –тіл, ең ... да – тіл

- а) жақсы
- в) ұзын
- с) кең
- д) ащы

11. Сөйлемді толықтырыңыз.

Жылдың аяғында ауылда елуге ... үй болды.

- а) астам
- в) тарта
- с) артық
- д) жарты

12. –ыншы қосымшасы қажет сөйлем таңдаңыз.

- а) Менің әжем қырық... жылғы
- в) Менің ағам сексен сегіз... жылғы
- с) Менің қарындасым тоқсан жеті... жылғы
- д) Ал, мен тоқсан үш... жылғымын.

13. Сөйлемді толықтырыңыз.

Бастыққа ... қарсылық ете алмады.

- а) ештен -кеш
- в) бүкіл
- с) ешкім
- д) ешқайда





14. Сөйлемді толықтырыңыз.

... қажеті жоқ, жұрттың бәріне белгілі жайларды түсіндіруге тырысты.

- а) Әлдебіреу
- в) Біреу
- с) Ешкімге
- д) Қашан

15. Сөйлемді толықтырыңыз.

Әкемнің айтқан ақылын... ұмытпаймын.

- а) ешқайда
- в) ешкім
- с) ештеме
- д) ешқашан

16. Сөйлемді аяқтаңыз.

Ол ауырып қалды, сондықтан сабақта

- а) болған жоқ
- в) еді
- с) болатын еді
- д) болар

17. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен үйге келген қонақтарға жыр

- а) айтқыздым
- в) биледім
- с) сөйледім
- д) сөйлемедім

18. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен халық аспаптар оркестрінің концертін ...

- а) тыңдасам
- в) тыңдағанда
- с) тыңдайсың
- д) тыңдайын деп келіп едім

19. Сөйлемді аяқтаңыз.

Біз сені ...

- а) қолдаймыз
- в) қолды
- с) қолмен
- д) қолға

20. Толықтырыңыз.

Еріншектің ... бітпес.

- а) бүгіні
- в) ертеңі
- с) түні
- д) кеші





21. Толықтырыңыз.

Анар екеуміз ... таныспыз.

- а) кешке
- в) жасырын
- с) бұрыннан
- д) лезде

22. Толықтырыңыз.

– Қанша ақша төлейін?

– Барлығы ... жүз жиырма теңге беріңіз.

- а) үшін
- в) арқылы
- с) сайын
- д) дейін

23. Сәйкес нұсқаны таңдаңыз.

Әкем ... шешем қалада тұрады.

- а) бен
- в) пен
- с) мен
- д) де

24. «Жылдам» сөзімен мәндес сөзді белгілеңіз.

- а) тез
- в) көп
- с) баяу
- д) ақырын

25. «Жүрек жұтқан» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.

- а) қорқақ
- в) жалқау
- с) сабырлы
- д) ержүрек

26. «- ме» қосымшасы жалғана алатын сөзді көрсетіңіз.

- а) айт
- в) көр
- с) оқы
- д) қара

27. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Білсеңіз, ең қызық тарих ... екен.

- а) ненікі
- в) спорттың
- с) жарыстың
- д) футболдікі



28. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Біз шетелдік қонақтармен мәжіліс залының ... сөйлестік.

- а) ішімен
- в) алдында
- с) сыртына
- д) қасының

29. Мәтелді толықтырыңыз.

Келісіп пішкен тон келте ...

- а) бермес
- в) бармас
- с) болмас
- д) білмес

30. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

... журналистер телеарнаның болашағы туралы сұрады.

- а) Артқа
- в) Әрі-бері
- с) Алдының
- д) Жол-жөнекей





II. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ

Мәтінді оқып, мәтін бойынша берілген тапсырмаларға жауап беріңіз.
Білім ұясы – университет.

Мен университетте жұмыс істеймін. Біздің 10 оқу ғимаратымыз бар. Университетте студенттер 83 мамандық бойынша білім алады. Сондай-ақ, магистратура мен докторантура, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және кадр бөлімдері бар. Арнайы жиындар мен үлкен мерекелік іс-шаралар өтетін кіші зал және үлкен мәжіліс залы бас ғимаратта орналасқан. Оқу залдары үнемі жаңа кітап қорларымен толықтырылып отырады. Университетімізде елімізге танымал академиктер, ғылым докторлары мен кандидаттары қызмет етеді.

Біздің студенттер мен магистрлер, докторанттар «Болашақ» бағдарламасы бойынша жыл сайын шетелде іс-тәжірибеден өтіп, өз білімін жалғастыруда. Университетте еліміздің атын әлемге танытқан атақты спортшылардың бірқатары оқыған.

1. Сөйлемді толықтырыңыз.

Біздің университетте...

- а) ғалымдар еңбек етеді
- в) кітапхананың бірнеше залы бар
- с) ғылыми-зерттеу орталығы ашылды
- д) студенттер 83 мамандық бойынша білім алады

2. Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді табыңыз.

- а) жұмыс, магистр, қызмет
- в) студент, мамандық, бөлім
- с) университет, жұмыс, ғылым
- д) университет, студент, «Болашақ»

3. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз

- а) Мен университетте оқытушымын.
- в) Бізде көптеген ғылым докторлары бар.
- с) Шетелде білім алушы магистранттарымыз бар.
- д) Университетте шетелдік мамандар жұмыс істейді.

4. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- а) Мұнда танымал спортшылар білім алған.
- в) Студенттер бас ғимаратта ғана оқиды.
- с) Мерекелік іс-шаралар өтетін кіші зал жоқ.
- д) Арнайы жиындар мен іс-шаралар кіші залда өтеді.

5. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- а) Университетте қандай бөлімдер бар?
- в) Университетте қандай мамандықтар ашылған?
- с) Магистрлер мен докторанттар қай елдерге бара алады?
- д) «Болашақ» бағдарламасына қатысудың талаптары қандай?





6. Сұраққа жауап беріңіз.

Сен қайда жұмыс істейсің ?

- а) мекемеде
- в) университетте
- с) институтта
- д) зауытта

7. Мәтіндегі негізгі ойды табыңыз.

- а) Мекемелер туралы
- в) Университет туралы
- с) Зауыттар туралы
- д) Өнеркәсіптер туралы

8. Сөйлемді толықтырыңыз.

Оқу залдары үнемі жаңа кітап қорларыменотырады.

- а) толықтырылып
- в) жаңартылып
- с) көбейтіліп
- д) азайтылып

9. Сұраққа жауап беріңіз. Университетте қандай кәсіп түрін меңгерген адамдар оқып бітірген?

- а) оқытушылар
- в) спортшылар
- с) заңгерлер
- д) дәрігерлер

10. Сөйлемді толықтырыңыз.

Университетте студенттер 83 мамандық бойынша..... алады.

- а) білім
- в) оқу
- с) студент
- д) оқушы





ІІІ. СӨЙЛЕСІМ БӨЛІГІ

Төмендегі жағдаяттарға берілген тапсырма бойынша диалог құрыңыз.

1-жағдаят. Ақтөбенің ағ. Жұбановтар көшесінде көптен кездеспеген ағасы мен қасында кішкентай қызын еріткен інісі кездесіп қалды. Бір-бірімен амандасты. Кездескен сәттегі әңгімелескен сөзін сипаттап беріңіз.

Керекті тірек сөздер: қарағым, кішкентай қыз, оқушы, озат, ақылды, еңбекқор, пысық, шырағым, бақытты бол.

2-жағдаят. Кітапханада Айдар өзіне сынып жетекшісі болған апайы Айгүл кездестірді. Қасында екі бала бар. Айдар мен Айгүл өздерінің отбасы туралы айтты.

Керекті тірек сөздер: бұл, немере, қасындағы оқушысы, жұбайы, бала, келіні, қыз, күйеу бала, үлкен емес, отбасым тату.

3-жағдаят. Кеше жексенбі болды. Мен таңертең сағат тоғызда тұрдым, жуындым, киіндім, тамақ іштім. Тамақ өте дәмді болды. Түсте менің досым телефон соқты. Біз саябақта ұзақ қыдырдық. Біз қазақша сөйлестік. Өмір туралы, достарымыз туралы әңгімелестік. Сіз де өмір туралы, достарыңыз туралы әңгімелеп беріңіз.

Керекті тірек сөздер: тамаша, таза, ауа райы, қызық өмір, бақытты шақ, адал достық, қыдыруды жоспарлау, табиғатта демалу.

4-жағдаят. Сіздің жақсы құрбыңыз бар. Оның аты Айна. Айнаның жасы жиырма бесте. Ол өткен жылы ғана тұрмысқа шықты. Сіз кеше осы Айна құрбыңыздың үйінде қонақта болдыңыз. Осы туралы әңгімелеңіз.

Керекті тірек сөздер: құрдас, әріптес, күйеуі, оның жасы, оның құрбылары, әдемі гүлдер, рақмет айтты, дәмді тамақ, дастархан мәзірі, үш сағат, шығарып салды.

5-жағдаят. Қазір жылдың жаз мезгілі. Ауа райы суық емес. Табиғат өте әдемі. Өткен жексенбіде Мейірбек және оның достары тауға барды. Мейірбектің достарымен тауға қалай барып, демалғандығы жөнінде әңгімелеп беріңіз.

Керекті тірек сөздер: таңертең, аялдама, автобус, жолақы төлеу, қырық жеті, көп, туристік базаға, жаяу кетті, үлкен көл, демалды, таңертең, тамақ, ойнады, суретке түсті, он бірде, жел.

6-жағдаят. Зарина мен Айдар көрші тұрады. Екеуі таңертең кездесіп қалды. Зарина фирмада жұмыс істейді, машинасы бар. Ал Айдар қаладағы университетте оқиды. Машинасы қазіргі уақытта жүрмей тұр. Бүгін Алматыдан ата-әжесі келеді. Вокзалға баруы керек еді, такси ұстауға ақшасы аздау болды. Зарина оған қалай көмектескені туралы әңгімелеп беріңіз.

Керекті тірек сөздер: қайырлы күн, қал қалай, сабақ, сағат тоғызға бес минут қалды, вокзал, бару керек, такси ұстау, ақшасы аздау, ақша беру, машинасын алу.





7-жағдаят. Сіз жазғы демалыста бір бойжеткенмен (жігітпен) таныстыңыз. Демалыстан соң бөлмелес жігіттерге ол туралы әңгімеледіңіз. Танысыңыздың сыртқы келбеті туралы айтыңыз.

Керекті тірек сөздер: орта бойлы, қара торы, қолаң шаш, әдемі қыз, сыпайы, жүрегі таза, мәдениетті, адал құрбы.

8-жағдаят. Сіз бір аптадан бері түнде нашар ұйықтайсыз. Тамаққа тәбетіңіз де нашар. Басыңыз айналады, денеңіздің қызуы 36-37 градус, ол көтерілмейді. Сіз бүгін дәрігерге келдіңіз. Ол кісімен әңгімелесіңіз.

Керекті тірек сөздер: рұқсат па?, асқазан, бауыр, тамақты уақытылы ішу, көйлекті шеш, бауырыңыз үлкейген, анализдер тапсыру, УДЗ, қорытындысын алу.

9-жағдаят. Ажар Ақтөбеге құрбысы Гүлнұрға шілденің шыжыған ыссысында келді. Ауа райы кенеттен бұзылып, жел тұрып, жаңбыр жауа бастады. Тоңып қалғандығы жөнінде құрбысымен әңгімелесті.

Керекті тірек сөздер: ауа райы, жаңбыр, жел, күн, ашық, ыстық, жаңбыр, қатты жел, найзағай жарқылдады, кемпіркосақ, жаз, тоңып қалды.

10-жағдаят. Айғанымның Заречный елді мекенінде екі қабатты коттедж үйі бар. Оның досы Әліби сол үйге қонаққа барды. Айғаным мен Әліби үйлері туралы әңгімелесті.

Керекті тірек сөздер: үй, мекенжай, жеті бөлмелі, қонақ бөлме, төр үй, жатын бөлме, жуынатын бөлме, жұмыс кабинеті.

IV. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ

Мәтінді мұқият тыңдап, диктант жазыңыз.

Сәлемдесу мәдениеті

Сәлемдескенде адамдар бір-бірінің амандығын біледі. Бір-біріне тілегін білдіреді. Сәлемдесу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады. Әрбір адам «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздермен амандасуда мәдениеттілік белгілерін көрсетеді. Осылай олар тәуліктің үш мезгілінде де бір-бірімен ақжарқын амандаса алады.

Қазақ салтында оң алақанын жүрегінің үстіне қойып, басын изейді. Не болмаса қол беріп амандасады. Бұл «Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеймін» деген мағынаны білдіреді.

(Ғаламтор материалдарынан)



ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

1-сабақ

Қазақ тілінің әліпбиі

| | | | | | | |
|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| 1. А а | 2. Ә ә | 3. Б б | 4. В в | 5. Г г | 6. Ғ ғ | 7. Д д |
| 8. Е е | 9. Ё ё | 10. Ж ж | 11. З з | 12. И и | 12. Й й | 13. К к |
| 14. Қ қ | 15. Л л | 16. М м | 17. Н н | 18. Ң ң | 19. О о | 20. Ө ө |
| 21. П п | 22. Р р | 23. С с | 24. Т т | 25. У у | 26. Ұ ұ | 27. Ү ү |
| 28. Ф ф | 29. Х х | 30. Һ һ | 31. Ц ц | 32. Ч ч | 33. Ш ш | 34. Щ щ |
| 35. Ъ ъ | 36. Ы ы | 37. І і | 38. Ь ь | 39. Э э | 40. Ю ю | 41. Я я |

Кестеде «в, ё, ф, ц, ч, ъ, ь, э» әріптері жасыл түспен белгіленген, бұл әріптер тек орыс тілінен кірген сөздерде ғана қолданылады.

Қазақ тілінің тоғыз төл әрпі «ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ, і» көк түспен белгіленген.

Зеленым цветом в таблице выделены буквы «в, ё, ф, ц, ч, ъ, ь, э», которые используются только в заимствованных из русского языка словах.

Синим цветом выделены девять специфических букв казахского языка: «ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ, і».

Қазақ тілінің дыбыстары дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді.

Өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар дауысты дыбыстар деп аталады. Дауысты дыбыстар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і.

В казахском языке звуки делятся на две группы: дауысты дыбыс (гласные звуки) и дауыссыз дыбыс (согласные звуки). Звуки, образующиеся свободным потоком воздуха, не встречая преграды в виде органов речевого аппарата, называются дауысты дыбыстар (гласными звуками). Гласные звуки: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і.

Сөз құрамындағы дыбыстардың бір әуезбен айтылуы үндесім құбылысы деп аталады. Қазақ тілінде сөздер бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұрады.

Произношение гласных в слове в созвучии называют сингармонизмом. Исконно казахские слова состоят либо из твердых, либо из мягких гласных.





| жуан үндесім (созвучие твердых звуков) | жіңішке үндесім (созвучие мягких звуков) |
|---|---|
| ғалым, маман, ақын, домбыра, бұрыш | зерттеуші, әнші, әріптес, әкім, өндіріс |

Өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында сөйлеу мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырап шыққан дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады. Дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.

Дауыссыз дыбыстар дауыс пен салдардың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді.

Звуки, которые образуются при преодолении различного рода преград в разных участках речевого аппарата, называются согласными звуками. Согласные звуки: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.

Согласные звуки в свою очередь делятся на қатаң (твердые), ұяң (звонкие), үнді (сонорные).

| | |
|-----------------|---------------------------------|
| Қатаң (глухой) | п, ф, к, қ, с, т, ш, щ, х, ц, ч |
| Ұяң (звонкий) | б, в, г, ғ, д, ж, з, һ |
| Үнді (сонорные) | м, н, ң, й, л, у, р |

Ескерту: и, у дыбыстарымен келген бір буынды сөздерге жуан да, жіңішке де қосымша жалғанады.

Примечание: К словам со звуками и, у состоящих из одного слога, присоединяются и твердый, и мягкий вариант аффиксов.

| жуан үндесім (созвучие твердых звуков) | жіңішке үндесім (созвучие мягких звуков) |
|---|--|
| Су+ға (в воду) ми+ы (его мозг) Ру+дан (из рода) бу+дан (из пара) Ту+ым (мой флаг) шу+лар (шумы) | Ти+ме (не трогай) Би+лер (танцы) Ши+ге (к соломинке) |

П, к, қ дыбыстарына біткен сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, ол дыбыстар ұяңданып, б, в, ғ болып өзгереді. Мысалы: жауап+ ым – жауабым, сұрақ+ ым – сұрағым, көйлек+ ім – көйлегім.

Если последний звук основы глухой согласный п, к, қ, а прибавляемый к основе суффикс или окончание начинаются с гласного, эти глухие звуки озвончаются п-б, қ-з, к-г. Например: жауап+ ым – жауабым, сұрақ+ ым – сұрағым, көйлек+ ім – көйлегім.

Атау септігі Именительный падеж

Сөздерді өзара байланыстыратын жалғаулардың бірі – септік жалғауы. Қазақ тілінде 7 септік бар.

Одним из видов окончаний, связывающих слова между собой, являются падежные окончания.

В казахском языке 7 падежей.

Атау септігінің сұрақтары: кім? не? Атау септігінің арнаулы қосымшалары жоқ. Мысалы: аяз, адам, әке.

Вопросы атау септік: кто? что? У формы атау септік нет своих аффиксов. Например: аяз, адам, әке.





Жіктеу есімдіктері Личные местоимения

Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер. Кім? кімдер? не? нелер? сұрақтарына жауап береді.

Личные местоимения употребляются для определения лица. Отвечают на вопросы кто? что?

| Жекеше түрі <i>Единственное число</i> | Көпше түрі <i>Множественное число</i> |
|--|--|
| I. Мен (я) | Біз (мы) |
| II. Сен (ты) | Сендер (вы) |
| Сіз (вы) | Сіздер (вы) |
| III. Ол (он, она, оно) | Олар (они) |

Сілтеу есімдіктері Указательные местоимения

Сілтеу есімдіктері нұсқау, сілтеп көрсету мәнінде қолданылатын сөздер. Сілтеу есімдіктері: бұл, мына, мынау, осы, міне. Қай? қайсы? деген сұрақтарға жауап береді.

Указательные местоимения слова, которые употребляются в значении указания. К ним относятся: бұл (это), мына (этот), мынау (этот), осы (этот), міне (вот). Отвечают на вопросы какой? который?

2-сабақ.

Ілік септік Родительный падеж

Ілік септік формасындағы сөз әрдайым тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркеседі. Ілік септік формасындағы сөз заттың иесін білдіреді: *дәрігердің міндеті, институттың гимараты т.с.с.*

Ілік септігінің сұрақтары: кімнің? ненің?

Қосымшалары: -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің.

Слово в форме ілік септік обозначает лицо, которому принадлежит предмет: обязанности врача, здание института и.т.д.

Вопросы родительного падежа: кімнің? (кого? чей? чья?), ненің? (чего?)

Аффиксы: -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің.

Слова в форме ілік септік употребляются в сочетании с формой принадлежности.



Тәуелдік жалғау Притяжательные окончания

Екінші объект бірінші объектіге тәуелді. Тәуелдік жалғау бір объектінің екінші объектіге қатысты, тәуелді екенін білдіреді. Тәуелдік жалғауының қосымшаларының жалғануы үндестік заңына байланысты.

Второй объект непосредственно зависит от первого объекта. Притяжательные окончания выражают то, что первый объект зависит от второго. Присоединение к корню слов притяжательных окончаний связано с законом сингармонизма.

| Жақ Лицо | Жекеше түрі Единственное число | Көпше түрі Множественное число |
|-------------|-----------------------------------|---|
| I | -м, -ым, -ім | -мыз/-міз, -ымыз/ -іміз |
| II | -ң, -ың/-ің | -лар/ -лер -дар/ -дер+ -ың/-ің -тар/ -тер |
| | -ңыз/-іңіз, -ыңыз/-іңіз | -лар/ -лер -дар/ -дер+ -ыңыз/-іңіз -тар/ -тер |
| III | -сы/ -сі, -ы/ -і | -лар/ -лер -дар/ -дер+ -ы/ -і -тар/ -тер |

| Жақ Лицо | Жекеше түрі Единственное число | Көпше түрі Множественное число |
|-------------|-----------------------------------|--------------------------------------|
| I | Менің ұл+ым (мой сын) | Біздің ұл+ымыз (наш сын) |
| II | Сенің ұл+ың (твой сын) | Сендердің ұл+дар+ың (ваши сыновья) |
| II | Сіздің ұл+ыңыз (ваш сын) | Сіздердің ұл+дар+ыңыз (ваши сыновья) |
| III | Оның ұл+ы (его/ее сын) | Олардың ұл+дар+ы (их сыновья) |

3-сабақ

Жатыс септігі Местный падеж

Жатыс септігінің сұрақтары: кімде? неде?

Қосымшалары: -да/-де, -та/-те

1. Жатыс септігі іс-қимылдың орнын, мекенін білдіреді.

Асқар Астана+да тұрады.

2. Қимылдың жасалу мезгілі. Мен дүйсенбі+де тенниспен шұғылданамын.

3. Адам жасы. Болат жиырма жаста.





Вопросы жатыс септік (местного падежа): кімде? (у кого?), неде? (у чего?)

Аффиксы: -да/-де, -та/-те

1. Значение жатыс септік обозначает место действия: Аскар жиеет в Астане.
2. Время действия. Я занимаюсь теннисом в понедельник.
3. Возраст человека. Булату двадцать лет.

Қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады.

Суффиксы присоединяются к корню слов по закону сингармонизма.

Жалғаулардың қосылуы:

Присоединение окончаний:

| Буын Слог | Дауысты, үнді, ұяң з, ж Гласные, сонорные, звонкие з, ж | Қатаң, ұяң б, в, г, д Глухие, звонкие б, в, г, д | ІІІ жақ тәуелдік жалғауы ІІІ лицо притяжательной формы |
|-------------------|---|---|--|
| Жуан Твердый | -да қала+да | -та жұмыс+та | -нда баласы+нда |
| Жіңішке Мягкий | -де үй+де | -те студент+те | -нде әкесі+нде |

Сан есім. Реттік сан есім Имя числительное. Порядковое числительное

Сан есім – заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы.

Сан есім (имя числительное) часть речи, которая обозначает количество, размер, порядок предмета.

Сан есімдер қанша? неше? нешеу? қаншада? қаншадан? нешеден? нешінші? деген сұрақтарға жауап береді.

Имена числительные отвечают на вопросы қанша? неше? нешеу? (сколько?) қаншада? (во сколько?), қаншадан? (по сколько?), нешеден? (по сколько?), нешінші? (который?).

Реттік сан есім заттардың ретін білдіреді және нешінші? деген сұраққа жауап береді. Қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады.

Порядковые числительные выражают порядок предметов и отвечают на вопрос какой? (по счету). Суффиксы присоединяются в соответствии с законом сингармонизма.

| | |
|------------------------------------|--------------------------|
| Реттік сан есімдердің қосымшалары: | -ншы/ -нші, -ыншы/ -інші |
| Суффиксы реттік сан есім: | |



Қосымшалардың қосылуы:
Присоединение суффиксов:

| Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова | Дауысты дыбыс Гласный звук | | Дауыссыз дыбыс Согласный звук | |
|---|-------------------------------|-------------------|----------------------------------|--------------------|
| | жұрнақ суффикс | жуан твёрдый | жіңішке мягкий | жуан твёрдый |
| | -ншы | -нші | -ыншы | -інші |
| үлгі пример | алты+ншы шестой | екі+нші второй | он+ыншы десятый | бір+інші первый |

Ескерту:

Исключение:

Жиырма – жиырмасыншы

Күрделі сан есімдерге қосымша соңғы сөзге жалғанады.

Притяжательные окончания присоединяются к последнему слову составных числительных.

27- жиырма жеті+нші

276- екі жүз жетпіс алты+ншы

Сұраулық шылаулар Вопросительные частицы

Сұраулық шылаулар сөйлемге жалпы сұрау мағынасын үстейді және олар сөз тіркесінде үндестік заңына бағынады.

Вопросительные частицы придают предложению вопросительное значение и в сочетаниях слов они подчиняются закону сингармонизма.

| | |
|-----------------------------|-------------------------|
| Сұраулық шылау түрлері: | ма? ме? па? пе? ба? бе? |
| Виды вопросительных частиц: | |

Мысалы:

Сен кинотеатрға барасың ба?

Сенің атың Сәуле ме?

Сіз әкімдікте жұмыс істейсіз бе?

Например:

Ты идешь в кинотеатр?

Тебя зовут Сауле?

Вы работаете в акимате?

Сұраулық шылаудың екінші түрі –ше баламалы сұрақ негізінде қолданылады.

*Второй вид вопросительных частиц **ше** используется в качестве альтернативного вопроса.*

Мысалы:

Мен кітапханаға барамын. Сен ше?

Мен жиырма бесінші пәтерде тұрамын. Сіз ше?

Например:

Я пойду в библиотеку. А ты?

Я живу в двадцать пятой квартире. А вы?



4- сабақ

Жіктік жалғауы Личные окончания

Жіктік жалғау жақтық мағынаны білдіреді. Жіктік жалғау есімдер мен етістіктерге жалғанады.

Личные окончания выражают значение лица, совершающего какое-либо действие. Личные окончания присоединяются к именным частям речи и глаголам.

Жіктік жалғаудың жалғану үлгілері:

Примеры присоединения личных окончаний:

| Жақ Лицо | Жекеше түрі Единственное число | Көпше түрі Множественное число |
|-------------|---|---|
| I | -мын, -бын, -пын -мін, -бін, -пін отыр+мын, студент+пін | -мыз, -быз, -пыз -міз, -біз, -піз отыр+мыз, студент+піз |
| II | -сың -сің отыр+сың, студент+сің | -сыңдар -сіңдер отыр+сыңдар, студент+сіңдер |
| | -сыз -сіз отыр+сыз, студент+сіз | -сыз -сіз отыр+сыздар, студент+сіздер |
| III | - отыр, студент | - отыр, студент+(тер) |

Жіктік жалғауының болымсыз түрі (отрицательная форма личных окончаний).

Жіктік жалғауының болымсыз түрі «емес» сөзінің тіркесуі арқылы жасалады.

Отрицательная форма личных окончаний образуется путем сочетания со словом «емес».

| Жақ | Жекеше түрі | Көпше түрі |
|-----|-----------------------|-----------------------------|
| I | Мен қаржыгер емеспін. | Біз қаржыгер емеспіз. |
| II | Сен қаржыгер емессің. | Сендер қаржыгер емессіңдер. |
| | Сіз қаржыгер емессіз. | Сіздер қаржыгер емессіздер. |
| III | Ол – қаржыгер емес. | Олар – қаржыгер емес. |



5-сабақ.

Ауыспалы осы шақ Переходное настоящее время

Ауыспалы осы шақ сөйлемнің мағынасына қарай қимыл, іс-әрекеттің бірде дәл осы кезде, бірде алдағы уақытта болатындығын білдіреді.

Переходное настоящее время выражает действия, происходящее время в зависимости от значения предложения.

Жасалуы:

Образование:

Жекеше түрі

Единственное число

| Жақ / соңғы дыбыс | Дауыссыз | Дауысты | Жіктік жалғау | Буын |
|-------------------|----------|----------|---------------|-----------------|
| I. Мен | -а -е | -й -й | +мын +мін | Жуан Жіңішке |
| II. Сен | -а -е | -й -й | +сың +сің | - - |
| Сіз | -а -е | -й -й | +сыз +сіз | - - |
| III. Ол | -а -е | -й -й | +ды +ді | - - |

Көпше түрі

Множественное число

| Жақ / соңғы дыбыс | Дауыссыз | Дауысты | Жіктік жалғау | Буын |
|-------------------|----------|----------|----------------------|-----------------|
| I. Біз | -а -е | -й -й | +мыз +міз | Жуан Жіңішке |
| II. Сендер | -а -е | -й -й | +сың+дар +сің+дер | - - |
| Сіздер | -а -е | -й -й | +сыз+дар +сіз+дер | - - |
| III. Олар | -а -е | -й -й | +ды +ді | - - |

Мысалы:

Мен Асқарды біле+мін.
Сен қайда оқи+сың?
Сіз әдетте не жасай+сыз?
Ол баға қоя+ды.

Например:

Я знаю Аскара.
Где ты учишься?
Что вы обычно делаете?
Он ставит оценки.



6-сабақ

Табыс септік Винительный падеж

Табыс септігінің сұрақтары: кімді? нені?

Қосымшалары: -ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні

Табыс септігі іс-әрекеттің нысанын білдіреді.

Вопросы табыс септік (винительного падежа): кімді? (кого?), нені? (что?)

Аффиксы: -ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні

Значение табыс септік обозначает объект действие.

Жалғаулардың қосылуы:

Присоединение окончаний:

| Буын Слог | Дауысты Гласные | үнді, ұяң з, ж сонорные, звонкие з, ж | Қатаң, ұяң б, в, г, д Глухие, звонкие б, в, г, д | III жақ тәуелдік жалғауы III лицо притяж. формы |
|-------------------|--------------------|--|---|--|
| Жуан Твердый | -ны бала+ны | -ды қағаз+ды | -ты жұмыс+ты | -н баласы+н |
| Жіңішке Мягкий | -ні әке+ні | -ді үй+ді | -ті студент+ті | -н әкесі+н |

Жедел өткен шақ Очевидно-прошедшее время

Жедел өткен шақ сөйлеп тұрған сәттің алдында ғана орындалып, болып өткен іс-әрекетті білдіреді.

Очевидно-прошедшее время обозначает действие, выполненное непосредственно перед моментом речи.

Жасалуы:

Образование:

Жекеше түрі

Единственное число

| Жақ / соңғы дыбыс | қатаң | Дауысты, ұяң, үнді | Жіктік жалғау | Буын |
|----------------------|-------|--------------------|---------------|---------|
| I. Мен | ты | -ды | +м | Жуан |
| | -ті | -ді | +м | Жіңішке |
| II. Сен | -ты | -ды | +ң | - |
| | -ті | -ді | +ң | - |
| Сіз | -ты | -ды | +ңыз | - |
| | -ті | -ді | +ңіз | - |
| III. Ол | -ты | -ды | - | - |
| | -ті | -ді | - | - |



Көпше түрі

Множественное число

| Жақ / соңғы дыбыс | Қатан | Дауысты, ұяң, үнді | Жіктік жалғау | Буын |
|-------------------|-------|--------------------|---------------|---------|
| I. Біз | -ты | -ды | +қ | Жуан |
| | -ті | -ді | +к | Жіңішке |
| II. Сендер | -ты | -ды | +ң+дар | - |
| | -ті | -ді | +ң+дер | - |
| Сіздер | -ты | -ды | +ңыз+дар | - |
| | -ті | -ді | +ңіз+дер | - |
| III. Олар | -ты | -ды | - | - |
| | -ті | -ді | - | - |

Мысалы:

Ол ауылдан кеше келді.
Мен досыма телефон соқтым.
Мен жаңалық тыңдадым.

Например:

Он вчера приехал из аула.
Я позвонил другу.
Я послушал новости.

7-сабақ

Сын есім

Имя прилагательное

Сын есім заттың сынын, түрін, түсін, сапасын, көлемін т.б. білдіріп, қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді.

Сын есім (имя прилагательное) обозначает признак, вид, цвет, качество, объем и т.д. предмета и отвечает на вопросы *қандай?* (какой? -ая/-ое/-ие) *қай?* (который? -ая/-ое/-ие).

Мағынасына қарай (по значению)

| | |
|--|---|
| Сапалық (качественные) Ақ, қара, үлкен, жақсы, жоғары | Қатыстық (относительные) Тұзды, күзгі, қалалық |
|--|---|

Сын есімдер мағынасына қарай сапалық және қатыстық болып бөлінеді.

Сапалық сын есімдер түбір күйінде, ешбір қосымшасыз қолданылады. Мысалы: көк, қара, ақ.

Қатыстық сын есімдер -лы/-лі; -сыз/-сіз; -лық/-лік; -ғы/-гі т.с.с. жұрнақтардың жалғануы арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Мысалы: таулы, медициналық, сүтсіз.

Имена прилагательные делятся на качественные и относительные.

Сапалық сын есімдер (качественные имена прилагательные) употребляются в виде корня без присоединения аффиксов. Например: көк, қара, ақ.

Қатыстық сын есімдер (относительные имена прилагательные) образуются путем присоединения суффиксов -лы/-лі; -сыз/-сіз; -лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік; -ғы/-гі к другим частям речи. Например: горный, медицинский, без молока.

8-сабақ

Көптік жалғауы Окончание множественного числа

Көптік жалғауы заттың біреу емес, бірнеше екенін білдіреді. Көптік жалғаулары: -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер.

Көптік жалғаулары (окончания множественного числа) обозначают, что предмет не один, несколько. Көптік жалғаулары (окончания множественного числа): -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер.

Қазақ тілінде көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік мәнді беретін сөздер бар. Мысалы, құм, күріш, сүт, мейіз, жүк, ауа-райы және т.б.

В казахском языке есть слова, которые являются неисчисляемыми. Например: құм (песок), күріш (рис), сүт (молоко), мейіз (изюм), жүк (груз), ауа райы (погода) и т.д.

Сөздің алдында сан есімдер (1, 2, ...,10, ...) және көп, біраз, бірнеше, әлденеше, әлдебір, кейбір сөздері келсе, көптік жалғауы жалғанбайды.

Если перед словом стоит имя числительное (1, 2, ...,10, ...) и слова көп, біраз, бірнеше, әлденеше, әлдебір, кейбір, то окончание множественного числа не присоединяется.

| Соңғы дыбыс | Дауысты және үнді р, й, у | Ұяң з, ж және л, м, н, ң | Қатаң және ұяң б, в, г, д |
|-------------|---------------------------|--------------------------|---------------------------|
| Жуан | -лар қабырға+лар | -дар телефон+дар | -тар ойыншық+тар |
| Жіңішке | -лер бөлме+лер | -дер үстел+дер | -тер сурет+тер |

9-сабақ

Үстеу Наречие

Үстеу – қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі белгілерін (амал-тәсілін, мезгілін, мекенін, жай-күйін) білдіретін сөз табы. Үстеулер қалай? қашан? қанша? қайда? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Үстеу түрленбейді, көптелмейді, жіктелмейді, тәуелденбейді, септелмейді.

Үстеу (наречие)- это часть речи, которая обозначает различные признаки действия (время, место, цель и образ действия). Үстеу отвечает на вопросы какой? когда? сколько? где? откуда? Үстеу не изменяются, то есть не присоединяет окончаний множественного числа, не спрягаются, не присоединяют личных окончаний, не склоняются.

Мысалы: ерте (рано), кеш (поздно), қазір (сейчас), бұрын (давно), тез, жылдам (быстро), ақырын (медленно), жорта (нарочно), әдейі (намеренно, специально), алға (вперед), босқа (зря) т.б.





Мезгіл үстеуі Наречия времени

Мезгіл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгілін, мерзімін білдіреді. Қашан? қашаннан? қашанға дейін? сұрақтарына жауап береді.

Мезгіл үстеулері (наречия времени) обозначают время, период, сроки действия. Отвечают на вопрос когда? с каких пор? до каких пор?

Мысалы: ертең (завтра), бүгін (сегодня), кеше (вчера), биыл (нынче), былтыр (в прошлом году), таңертең (утром), түсте (в полдень), кешке (вечером), түнде (ночью), қазір (сейчас), соңыра (позже), енді (теперь) т.б.

10-сабақ

Көмектес септігі Творительный падеж

Көмектес септік іс-әрекеттің немен, қандай құралмен қалай істелгенін және қимыл бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіреді.

Көмектес септігінің сұрақтары: кіммен? немен?

Қосымшалары: -мен, -бен, -пен.

Көмектес септігінің жуан фонетикалық нұсқасы жоқ.

Творительный падеж выражает чем и каким средством совершается действие, а также указывает на то, что совершаемое действие имеет отношение к нескольким субъектам.

Вопросы көмектес септік (творительного падежа): кіммен? немен?

Окончания: -мен, -бен, -пен.

Твердого фонетического варианта көмектес септік (творительного падежа) не существует.

| Буын/ соңғы дыбыс | Дауысты, үнді | Ұяң з, ж | Қатаң, ұяң б, в, г, д |
|-------------------|-------------------|-----------|-----------------------|
| Жуан | -мен | -бен | -пен |
| Жіңішке | тіл қолданушы+мен | қағаз+бен | жұмыс+пен |

Мысалы:

Мен мұғаліммен барамын.

Мен автобуспен келемін.

Мен мерекені отбасыммен өткіземін.

Әкем Оразбен сөйлесті.

Например:

Я пойду с учителем.

Я приеду на автобусе.

Я проведу праздник с семьей.

Мой отец разговаривал с Оразом.





11-сабақ

Барыс септігі Дательный падеж

Барыс септігіндегі сөз қимылдың кімге, қай жаққа бағытталғанын білдіреді.

Барыс септігінің сұрақтары: кімге? неге?

Қосымшалары: -ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е

Значение барыс септік обозначает лицо или объект, к которому направлено действие.

Вопросы барыс септік (дательного падежа): кімге? (кому?), неге? (чему?)

Аффиксы: -ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е

| Буын/ соңғы дыбыс | Дауысты, үнді, ұяң з, ж | Қатан, ұяң б, в, г, д | Тәуелдік жалғауының I, II жағы | Тәуелдік жалғауының III жағы |
|-------------------|-------------------------|-----------------------|--------------------------------|------------------------------|
| Жуан | -ға аурухана+ға | -қа денсаулық+қа | -а басың+а | -на жұмысы+на |
| Жіңішке | -ге дәрі-ге | -ке сурет+ке | -е көзім+е | -не тіс дәрігері+не |

Мысалы:

Мен ертең жұмысқа бармаймын.
Ол бүрсігүні қалаға келеді.

Например:

Я не пойду завтра на работу.
Он в город приедет послезавтра.

Синонимдер Синонимы

Синонимдер – айтылуы мен жазылуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер (әдемі, сұлу, көрікті).

Синонимы – это слова, различные по звучанию и написанию, но сходные по лексическому значению (әдемі, сұлу, көрікті).

12-сабақ

Қалау рай Желательное наклонение

Қалау рай – сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетті орындауға немесе орындамауға қалау, ниет, ынтасын білдіретін рай категориясының бір түрі. Қалау рай етістік түбіріне *-ғы/-гі/-қы/-кі* кел формасының жалғануы арқылы жасалады.





*Қалау рай (желательное наклонение) – один из видов наклонения, которое выражает желание либо не желание производить действие, намерение говорящего.
Қалау рай образуется путем присоединения конструкции -ғы/-гі/-қы/-кі кел.*

| Жіктелуі: Спряжение: | | |
|-------------------------|---|--|
| Жақ | Жекеше түрі | Көпше түрі |
| I | Менің жаз+ғы+м келеді (я хочу писать) | Біздің жаз+ғы+мыз келеді (мы хотим писать) |
| II | Сенің жаз+ғы+ң келеді (ты хочешь писать) Сіздің жаз+ғы+ңыз келеді (вы хотите писать) | Сендердің жаз+ғы+лар+ың келеді (вы хотите писать) Сіздердің жаз+ғы+лар+ыңыз келеді (вы хотите писать) |
| III | Оның жаз+ғы+сы келеді (он хочет писать) | Олардың жаз+ғы+лар+ы келеді (они хотят писать) |

13-сабақ

Мекен үстеуі Наречия места

Мекен үстеулері қимыл, іс-әрекеттің мекенін, орнын, бағытын білдіреді. Қай жерде? қайда? қайдан? сұрақтарына жауап береді.

Мекен үстеулері (наречия места) обозначают место, направление действия. Отвечают на вопросы куда? откуда?

Мысалы: ілгері (вперед), төмен (вниз), жоғары (выше), кейін (назад), төмен (ниже), осында (здесь), онда (там), алда (впереди), артта (позади), астында (внизу), үстінде (наверху) т.б.

14-сабақ

Өтініш Заявление

Өтініш – жазбаша, ресми түрде баяндалған, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы ресми құжат. Өтініш – құжаттың ең көп тараған түрі. Жеке тұлғалардың басшыларға, мемлекеттік органдарға білдірген қандай да бір өтінішінен тұрады. Іс-қағаздарын жүргізудің негізгі ережелерін сақтай отырып, еркін түрде жасалады.

Заявление – широко распространенная форма документа, обращения с какой-либо просьбой физических лиц к руководителям, государственным органам и др. Составляется в произвольной форме с соблюдением основных правил делопроизводства.



Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі Порядок слов в предложении

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орны біршама тұрақты.

В казахском языке порядок слов относительно устойчив.

1. Жай хабарлы сөйлемде баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш одан бұрын тұрады.

В простом повествовательном предложении подлежащее обычно находится впереди сказуемого, которое стоит, как правило в конце предложения.

Мысалы:

Арман фирмада жұмыс істейді. Арман работает на фирме.

2. Анықтауыш анықтайтын сөзінен бұрын тұрады.

Определение всегда стоит перед определяемым словом.

Мысалы:

Қалада биік үйлер көп. В городе много высотных домов.

3. Толықтауыш пен пысықтауыш өздеріне қатысты сөздерден (баяндауыштан) бұрын тұрады.

Дополнение и обстоятельство стоят перед сказуемым.

Мысалы:

Кеше театрдан Айгүлді көрдім. Вчера в театре видел Айгуль.

Қазақ тілінде баяндауыш әрқашан сөйлем соңында тұрады.

В казахском языке сказуемое всегда стоит в конце предложения.

Мысалы:

Мен кеше достарыммен кездестім. Я вчера встречался с друзьями.





СӨЗДІК ҚОР

1-сабақ

Сәлем! – привет!
 Сәлеметсіз бе! – здравствуйте!
 (вы, в ед.ч.)
 Сәлеметсіздер ме? – здравствуйте!
 (вы, в мн.ч.)
 Сәлеметсің бе? – здравствуй!
 Қал қалай? – как дела?
 Қалыңыз қалай? – как ваши дела?
 Рақмет – спасибо
 Жақсы – хорошо
 Қайырлы таң! – доброе утро!
 Қайырлы күн! – добрый день!
 Қайырлы кеш! – добрый вечер!
 Ат, есім – собственное имя
 Бұл – это, этот, эта
 Кім? – кто?
 Менің – мой, моя, мое
 Сенің – твой, твоя, твое
 Оның – ее, его
 Танысып қой – (ты) познакомься

Танысып қойыңыз – (вы) познакомьтесь
 (в ед.ч.)
 Танысқанымға қуаныштымын –
 рад знакомству с вами
 Сау бол (ыңыз) – до свидания
 Алғыс – благодарность
 Айту – сказать
 Алғыс айту – благодарить
 Амандасу/сәлемдесу – здороваться
 Білу – знать
 Жазу – писать
 Кету – уходить
 Қоштасу – прощаться
 Сену – верить
 Сөйлеу – говорить
 Танысу – знакомиться
 Тұру – стоять/жить
 Түсіну – понимать
 Тындау – слушать

2-сабақ

Жұбай – супруга
 Күйеу – муж
 Кісі, адам – человек
 Жас – год, лет, возраст
 Кіші – младший
 Үлкен – большой, старше
 Неше – сколько
 Неше жаста? – сколько лет?
 Отыз – тридцать
 Отыз алты – тридцать шесть
 Жеті – семь
 Немере – внук
 Аға – старший брат
 Ана – мать

Ата – дедушка
 Әже – бабушка
 Әке – отец
 Әпке – старшая сестра
 Шағын – небольшой
 Бала – ребенок
 Қарындас – младшая сестра (для
 мужчин)
 Қыз – дочь, девочка
 Сіңлі – младшая сестра (для женщин)
 Ұл – сын, мальчик
 Іні – младший брат
 Бұл, мынау – это, этот, эта





3-сабақ

Мекенжай – адрес
 Ықшамаудан – микрорайон
 Даңғыл – проспект
 Электронды мекенжай – электронный адрес
 Ауыл – аул
 Көше – улица
 Қала – город
 Үй – дом
 Пәтер – квартира
 Қабат – этаж
 Осында – здесь
 Нешінші? – который? (по счету)

Қай? – который?
 Сен ше? – а ты?
 Ұялы телефон – мобильный телефон
 Бесінші – пятый
 Жиырма үшінші – двадцать третий
 Алпыс тоғызыншы – шестьдесят девятый
 Төрт жүз тоқсан тоғыз – четыреста
 девяносто девять
 Сексенінші – восемьдесятый
 Жүзінші – сотый

4-сабақ

Болып жұмыс істеймін – работаю
 Жұмыс істеу – работать
 Мамандық – профессия
 Жүргізуші – водитель
 Заңгер – юрист
 Есепші – бухгалтер
 Ғалым – ученый
 Дәрігер – врач, доктор
 Маман – специалист
 Аспаз – повар
 Аудармашы – переводчик
 Оқытушы – преподаватель
 Мұнайшы – нефтяник
 Сатушы – продавец
 Тілші – журналист
 Іскер адам – бизнесмен
 Жас – молодой
 Ұжым – коллектив
 Бөлім – отдел

Әріптес – коллега
 Маман – специалист
 Білімді – образованный
 Қабілетті – способный
 Жан-жақты – всесторонний
 Ұйымшыл – сплоченный
 Білікті – квалифицированный
 Іскер – деловой
 Еңбек өтілі – стаж работы
 Ұйым – организация
 Ашық акционерлік қоғам – открытое
 акционерное общество
 Кәсіпорын – предприятие
 Кеңсе – канцелярия
 Басшы – руководитель
 Мақтан ету – гордиться
 Әкімдік – акимат
 Мекеме – учреждение
 Ұнату – нравиться, любить

5-сабақ

Сатушы – продавец
 Өлшеу – взвесить
 Қымбат – дорого
 Арзан – дешево
 Кезек – очередь
 Көрсетіп жіберіңізші – покажите
 Жеміс – фрукты
 Өлшем – размер
 Кәмпит – конфеты
 Шұжық – колбаса
 Сүт – молоко
 Ірімшік – сыр

Бағасы қанша? – сколько стоит?
 Бағасын түсіресіз бе? – уступите?
 Есептесу – рассчитаться
 Төлеу – заплатить
 Сатып алу – купить
 Түскі ас – обед
 Кешкі ас – ужин
 Ет – мясо
 Балық – рыба
 Бұқтырылған – тушеный
 Қуырылған – жареный
 Суға пісірілген – сваренный в воде





Айран – кефир
 Көкөніс – овощи
 Ас мәзірі – меню
 Асхана – столовая
 Мейрамхана – ресторан
 Даяшы – официант
 Шырын – сок
 Куырдақ – куырдақ
 Таңертеңгі ас – завтрак

Балмұздақ – мороженое
 Тәтті – сладкий
 Ащы – горький
 Дәмді – вкусный
 Қышқыл – кислый
 Ұлттық – национальный
 Тапсырыс – заказ

6-сабақ

Лицо – бет
 Палец – саусақ
 Нос – мұрын
 Колено – тізе
 Глаз – көз
 Рука – қол
 Шея – мойын
 Печень – бауыр
 Небо – таңдай
 Желудок – асқазан
 Сердце – жүрек
 Грудь – кеуде
 Зуб – тіс
 Голова – бас
 Живот – іш
 Легкие – өкпе
 Волосы – шаш
 Рот – ауыз
 Ухо – құлақ
 Нога – аяқ
 Язык – тіл

Поясница – бел
 Дәрігер – врач
 Аурухана – больница
 Емхана – клиника
 Дәріхана – аптека
 Жедел жәрдем – скорая помощь
 Тіс дәрігері – зубной врач
 Ауру, пациент – больной
 Қабылдау – принимать
 Суық тию – простудиться
 Дәрумен – витамин
 Дәрігерді шақыру – вызвать врача
 Емдеу – лечить
 Бас ауру – головная боль
 Тіс ауру – зубная боль
 Қан қысымы – давление
 Өлшеу – измерять
 Ауырады – болит
 Қызу – температура
 Дәрі – лекарство
 Жолдама – направление

7-сабақ

Мейірімді – добрый
 Белсенді – активный
 Ынжық – пассивный
 Сабырлы, ұстамды – спокойный, сдержанный
 Жеңілтек – легкомысленный
 Шыдамды – терпеливый
 Дарынды – талантливый
 Сыпайы – вежливый
 Дөрекі – грубиян
 Мәдениетті, инабатты – культурный
 Ашуланшақ – раздражительный
 Батыр – храбрый
 Қайратты – сильный

Әділ – справедливый
 Өтірікші – врун
 Ақылды – умный
 Еңбекқор – трудолюбивый
 Жалқау – лентяй
 Жомарт – щедрый
 Сараң – скупой
 Қу – хитрый
 Адал, сенімді – верный, надежный
 Ұялшақ – стеснительный
 Көпшіл – общительный,
 коммуникабельный





8-сабақ

Маусым, уақыт, мерзім, мезгіл – сезон, время
 Етік – сапоги
 Тон – шуба
 Бәтеңке – ботинки
 Қолғап, биялай – варежки, перчатки
 Күртеше – куртка
 Қалың, жылы – теплая
 Жейде – рубашка
 Сыртқы киім – верхняя одежда
 Пәлте – пальто
 Жадағай – плащ
 Орамал – платок
 Көзілдірік – очки

Көйлек – платье
 Сәнді – модный
 Кию – одеть, надеть
 Белдемше – юбка
 Баскиім – головной убор
 Қалпақ – шляпа
 Шалбар – брюки
 Аяқкиім – обувь
 Шұлық – носки
 Жарасу – подходить
 Таңдау – выбирать
 Ауыстыру – менять

9-сабақ

Токсан – четверть
 Тәулік – сутки
 Апта – неделя
 Қыс – зима
 Көктем – весна
 Жаз – лето
 Күз – осень
 Жаңбыр – дождь
 Құрғақ – сухой
 Ыстық – жаркий
 Суық – холодный
 Кетті, кеткенде – прошло
 Қалды, қалғанда – осталось
 Тура – ровно
 Жарым – половина
 Тоғызға он минут қалды – без десяти девять
 Бестен бес минут кетті – пять минут шестого

Қысқа – короткий
 Ұзақ – длинный
 Тайғақ – скользкий
 Аяз – мороз
 Ауа райы – погода
 Қоңыр салқын – прохладно
 Бұлт – туча
 Жауын-шашын – осадки
 Болжау – прогноз
 Ашық – ясно
 Уақыт, мерзім, мезгіл – время
 Тура он екі – ровно двенадцать
 Сегіз жарым – половина девятого
 Жуыну – умываться
 Ояну – просыпаться
 Тазалау – чистить
 Тарану – расчесываться

10-сабақ

Ұлттық мерекелер – национальные праздники
 Кәсіби мерекелер – профессиональные праздники
 Халықаралық әйелдер күні – Международный женский день
 Жеңіс – победа
 Тәуелсіздік күні – день независимости
 Жаңа жыл – новый год
 Наурыз тойы – праздник Наурыз
 Шығыс халықтары – народы Востока
 Қуанышпен – с радостью
 Еру – таять
 Кез – пора
 Көк – зелень, трава
 Теңелу – равноденствие
 Құттықтау – поздравлять
 Қате – ошибка

Тағуласу – мириться
 Наурыз көже – праздничное блюдо
 Құрамы – состав
 Жеті түрлі – семь видов
 Тағам – пища, еда
 Пісіріледі – готовится
 Зор – огромный
 Бақыт – счастье
 Табыс – успех
 Еңбек – труд
 Әйел бақыты – женское счастье
 Жаңа жыл мерекесімен – С новым годом!
 Шын жүректен тілеймін – желаю от
 всей души
 Өкінішті – жаль
 Шақыру – приглашать



11-сабақ

Бос уақыт – свободное время
 Әуестік/ермек – хобби
 Әуестену – увлекаться
 Өткізу – проводить
 Серуендеу – прогуляться
 Тамақ дайындау – готовить пищу
 Үйрену – научиться
 Сурет салу – рисовать
 Ән айту – петь
 Тыңдау – слушать
 Билеу – танцевать
 Кітапхана – библиотека
 Үйірме – секция

Айналысу – заниматься
 Қолөнермен айналысу – заниматься
 рукоделием
 Гүл өсіру – выращивать цветы
 Спортпен шұғылдану – заниматься спортом
 Шаңғы тебу – кататься на лыжах
 Мұз айдыны – ледовый каток
 Тауға шығу – идти в горы
 Коньки тебу – кататься на коньках
 Жүзу – плавать
 Аңшылық – охота
 Көлік – транспорт
 Саябақ – парк

12-сабақ

Балабақша – детский сад
 Білім – знание
 Жоғары оқу орны – высшее учебное заведение
 Зияткерлік мектебі – интеллектуальная школа
 Оқушы – ученик
 Оқытушы – преподаватель
 Сабақ – урок
 Дәріс – лекция
 Тапсырма – задание, поручение

Пән – предмет
 Орындау – выполнять
 Интерактивті тақта – интерактивная доска
 Білім беру жүйесі – образовательная
 система
 Негізгі – основной
 Мақсат – цель
 Түсу – поступать
 Жабдықталу – оснащение

13-сабақ

Тәуелсіз – независимый
 Байлық – богатство
 Мемлекет – государство
 Көпұлтты – многонациональный
 Астана – столица
 Халық саны – численность народа
 Кең байтақ – раздолье
 Мұнай – нефть
 Кеніш – рудник
 Көмір – уголь
 Көлем – объем
 Ұлт өкілдері – представители нации

Шекара – граница
 Елтаңба – герб
 Ту – флаг
 Батыс – запад
 Оңтүстік – юг
 Солтүстік – север
 Шығыс – восток
 Теңіз – море
 Шектесу – граничить
 Түрлі-түсті металл – цветной металл
 Әуежай – аэропорт

14-сабақ

Ресми құжаттар – официальные документы
 Өтініш – заявление
 Әкімшілік – администрация
 Өтініш жазу – написать заявление
 Өтініш беру – подать заявление
 Сұраймын, өтінемін – прошу
 Жұмысқа қабылдауыңызды өтінемін – прошу
 принять на работу

Жұмыстан босатуыңызды өтінемін –
 прошу освободить от работы
 Рұқсат етуіңізді өтінемін – прошу
 (Вашего) разрешения
 Денсаулығыма байланысты –
 в связи с состоянием здоровья
 Отбасылық жағдайыма байланысты
 – по семейным обстоятельствам



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Қ.Түймебаев, Қ.Қадашева, У.О.Асанова, Б.Г.Ашықбаева, С.К.Омарова, А.О.Әміржанова. «Қазақ тілі». Негізгі оқулық (қарапайым деңгей). Алматы, 2013.
2. Г.Қ. Досмамбетова, З.С. Ерназарова, З.С. Күзекова, А.О. Тымболова. «Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы (көмекші құрал)». Астана, 2012.
3. «Қазақ тілі. Тілдарын» Әдістемелік нұсқау А-1; Оқу құралы А-1; Жұмыс дәптері А-1. Астана, 2012.
4. «Қазақ тілін үйренейік» Ақтөбе, 2009
5. Г.Қ. Досмамбетова, А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, Ә.Ж. Хазимова, Б.О. Салыхова. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: оқулық. Астана, 2012.
6. Бастапқы деңгейге арналған мәтіндердің электрондық бағдарламасы, Қарағанды, «Бегазы-білім», 2010
7. А.Ш.Бектұров., Ш.Қ.Бектұрова. Казахский язык для всех.
8. Е.Е.Тілешов, Ж.А.Тұрлыбекова, Ұ.К.Каюпова. «Қазақ тілі». Астана- Руханият, 2010.
9. Ж.А.Тұрлыбекова, Ұ.К.Каюпова. «Сабақ үлгілері». Мемлекеттік қызметкерлерді оқытуға арналған көмекші оқу құралы. Қазығұрт-Алматы, 2010.
10. Т.Т.Аяпова. «Қазақ тілі», Алматы, 2013.
11. Қазақ тілі. «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешені. Алматы, 2010.
12. Д.Х.Ақанова, А.М.Алдашева, З.Қ.Ахметжанова, Қ.Қ.Қадашева, Ә.Д.Сүлейменова. «Ресми-іскери қазақ тілі» Арман-ПВ 2010.
13. О.М.Әбутәліп. «Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу». Астана 2013.
14. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін тіл-құрал. Қарапайым деңгей. «Ұлттық тестілеу орталығы», 2011.
15. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы Тілдерді оқыту орталығы. Қазтест үлгісіндегі тест тапсырмалары. Ақтөбе, 2013.
16. 9-беттегі суреттерге сілтемелер:
http://go.mail.ru/search_images?q=%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%20%D0%BA%D1%83%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2%20%D1%84%D0%BE%D1%82%D0%BE%20%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D0%B0&fr=web#urlhash=8867264654103754448
http://go.mail.ru/search_images?q=%D0%90%D0%B1%D1%8B%D0%BB%D0%B0%D0%B9%20%D1%85%D0%B0%D0%BD%20%D1%84%D0%BE%D1%82%D0%BE%20%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D0%B0&fr=web#urlhash=5399865524609343783
http://go.mail.ru/search_images?q=%D0%9F%D1%83%D1%88%D0%BA%D0%B8%D0%BD%20%D1%84%D0%BE%D1%82%D0%BE%20%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D0%BD%D0%BA%D0%B0&fr=web#urlhash=2232425283840047262
<https://www.google.kz/search?q=%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%BF%D0%B0%D0%BB+%D0%B6%D2%AF%D0%BD%D1%96%D1%81%D0%BE%D0%B2%D0%B0&biw=1024&bih=677&tbnm=isch&tbo=u&source=univ&sa=X&ved=0CB4QsARqFQoTCJSytoDKoMcFYFaFAoddpEDFQ#imgcr=3UyoOsri-0NF1M%3A>
17. 26-беттегі суретке сілтеме:
<https://www.google.kz/search?q=%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D1%89%D0%BD%D0%BE%D0%B9+%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%BB%D1%8C%D0%BE%D0%BD+%D1%84%D0%BE%D1%82%D0%BE&hl=ru-KZ&biw=930&bih=400&site=webhp&tbnm=isch&tbo=u&source=univ&sa=X&ved=0CB0QsARqFQoTCPjikvOZiscCFQLwcodegod29AH6Q#imgdii=HAg001bCmZvmgM%3A%3BHAg001bCmZvmgM%3A%3BbxOROs8GoCmQBM%3A&imgcr=HAg001bCmZvmgM%3A>
18. 40-беттегі суретке сілтеме:
https://vk.com/albums-70134227?z=photo-70134227_338535527%2Fphotos-70134227





Лаура Жантілеуова

ҚАЗАҚ ТІЛІ
сабақтары

оқу құралы

Редакторы: *Л.Есбосынова*

Корректоры: *М.Шіменбаева*

Беттеуші: *Б. Қосдәулетов*

Теруге 13. 10. 2015 берілді.
Басуға 11. 11. 2015 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 12.
Таралымы 2000

ISBN 978-601-7504-13-7



9 786017 504137

